



Ғидратты Ұмыр

Құрманш ЖЕКСЕНБАЕВ

Құрман ЖЕКСЕНБАЕВ

ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР

Қарағанды
Болашақ-Баспа
2012

Фибратты ғұмыр. Естеліктер жинағы. /Құраст. Құрмаш Жексенбаев. - Қарағанды: «Болашақ-Баспа» РББ, 2012. - 101 б.

Бұл кітап Ақтоғай-Шет өңіріне, Жезқазған-Қарағанды аймағына танымал ардагер ұстаз, ел азаматы, асқар таудай әкеміз Мұқарам Рамазанұлы мен текті атаның тұяғы, бір өулеттің алтын арнасын жалғаған аяулы анамыз Нағима Әбдірбайқызы туралы замандастары мен жақын-туыстарының естеліктерінен құралған. Саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесі мен өулет-ағайынның береке-бірлігіне, ауыл-аймақтың ырыс-ынтымағы артуына арнаған әкеміз бен анамыздың кешкен ғұмыры кімге де болса үлгі десек артық емес. Қол ұстасып, қатар жүріп, қайнаған тірліктің таукіметі мен қызық-қуанышын қатар кешкен жандардың әр күні, әр істеген ісі өлі күнге көз алдымызда. Жазмыштан озмыш жоқ демекші, әкеміз бен анамыз тірлікте бірге жүргеніндей, бақилық сапарға да кенеттен бірге аттанды. Соңында қалған ұрпағының ғұмырына сәулелі шуағын шашып кеткен жандардың жатқан жері жарық, топырағы мамық болсын!

Көпшілік оқырманға арналған.

© Құрмаш Жексенбаев
© “Болашақ-Баспа” РББ., 2012

Алғы сөз ретінде

Ұстаз деген - ұлы ұғым. Өзінің саналы ғұмырын жас жеткіншектерге білім беру ісіне жұмсаған абзал ұстаз Жексенбаев Мұқарам ағамыздың дүниеден озғанына жыл асыпты. “Жақсының аты өлмейді” деген ата сөз бар қазақта. Игі істерімен, жақсы қасиеттерімен ел есіндегі Мұқарам аға бейнесі осы кітапта орын алған. Артында қалған ұрпақтарының арқасында, ұстаз Мүкең туралы естеліктерді сол кісіге қойылған ескерткіш ретінде қабыл алыңыздар.

**Ізгі ниетпен: Нурлан Дулатбеков
заң ғылымдарының докторы, профессор**

БІЗДІҢ ӘУЛЕТТІҢ БАСТАН ӨТКЕРГЕН ТАРИХЫ

...Мен осынау саналы ғұмырымда қолыма қалам алып, естеліктер жазармын, реті келсе, көрген-бастан кешкенімді тізіп жазып, шежіре тарқатып, кітап шығарармын деп ойлаған жан емеспін. Бұл сөзіме осы кітапты қолына алып, парақтап оқыр әр адам куәлікке жүре алады. Шындығы солай. Бірақ, «Ат баспаймын деген жерін үш басады, адам жүрмеймін деген жерімен үш жүреді» демекші, тіршіліктің пенде күдіреті жетпес ғаламат күші менің қолыма қалам алғызды, ойыма күні кеше ғана өткен өмір кезеңдерін кезегімен әкеп, естелік кітап жазып шығуға мәжбүрледі. Абайдың «Өлеңге әркімнің де бар таласы...» деген сөзін білмейтін қазақ жоқ. Бірақ, дәл менің қаламгерлік салада аты озып, атағы шыққан, сол салада нәпақасын тауып жеп жүрген қара орман жазарман қауыммен еш бәсекелестігім жоқ. Тек, бір әулеттің ғұмыр-тірлігінің бастауы болған, кешегі кемел аталарымыздың ізін жалғап, жолын алға асырған әкем – Мұқарам Рамазанұлы мен асыл анам, ауыл-аймақ, абысын-ажын, ағайын-туыс қатты қадір тұтқан жан Нағима Әбдірбайқызы туралы бұл естеліктерді қағазға түсіріп, қаттап, кітап қылып жинақтау менің ең бірінші парыздарымның бірі екенін ұғындым. Ұғындым да, ұрпақтық парызымды шама келгенше атқару мақсатында, ұлыс-әулет алдындағы ата-анамның жарқын келбетін, жайдары тұлғаларын мәңгілікке жадымызда қалдыру мақсатында осы кітапты жазып шығуға, аға-әкелерімнің, апа-жеңгелерімнің естеліктерін жинастыруды мұрат тұттым. «Тасқа басылған дүние балталасаң да өшірілмейді» депті дана халқымыз. Елдің есінде қалып, ауызекі өңгімеде айтылар жайттар ұрпақ жадында өшпес тарих боп қалу керек деп ойлаймын...

* * *

Біздің өулет қабырғалы қазақтың Үш Жүзінің кенжесі – Кіші Жүзден. «Найза беріп, жауға қой» дейтін жаугер аталарымыздың батыстағы қалың ортасынан, оның ішінде Жетірудан өніп шыққан Табын атасы боламыз. Табындардың негізгі түп қазық, атамекені Ақтөбе облысының қазіргі Нұрпейіс Байғанин ауданы. Кеңестік дәуірдің алғашқы жылдары Табын ауданы деп аталған сол өңірді біздің арғы бабаларымыз қоныстанғаны анық. Тарихи өңгімелерді кеңестік кезең болса да, ес жиып, етек жапқаннан бастап үлкендерден естіп өстік. Кейінде, ел шаруасына араласып, жер көріп, қызмет етіп жүрген жылдары Табындардың тек осы Қарағанды, Ақтоғай-Шет өңірінде ғана тұрмайтынын, Қызылорда жағында, батыста қалың аталас ағайындарымыз барын, естіп-біліп, реті келсе танысып білісіп жүрген жайымыз бар. Ал, осы өңірдегі Табын табынан тарайтын ұрпақтың арғы бабалары Жарбол, Құлбол атты ағайынды қос жігіт сол Ақтөбе аймағынан осында қоныс аударып келген екен. Жарбол бабамыз заманында бір рулы елді бастай алатын батыр, сөз ұстай алатын көсем адам болған тәрізді. Оған тарихи өңгіме, аңыздар куә.

Аталарымыздың бұл жаққа қоныс аударып, орналасуы сонау, ел тарихында елеулі ізі қалған «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» дәуірінен сәл ертеректе болса керек. Есте жоқ ескі дәуірлерді бізге өңгімелеп айтқан ақсақалдардың аңыздарын нақты тарихи фактілерге негіздеп, ғылыми зерттеу жасау тарихшы азаматтардың міндеті ғой. Біздің естуімізше, Жарбол, Құлбол бабаларымыз бұл тарапқа аруақты Қараменде би, атақты Сеңкібай батырлар тұсында келіпті деседі. Кейбір аңыздарға сенсек, Қарқаралыдағы аты әйгілі Құсбек төре заманында көшіп келді деген де сөз бар. Бұл тарихи

фактілерге, деректерге үйлесе ме, үйлеспей ме, белгісіз. Анығы, атамыздың Ақтөбе, батыс жағынан Арқаға қоныс аударып, Қарқаралы, Кент қазылық баурайынан шұрайлы қоныс иеленгені.

Аңыз айтады: сол Жарбол атамыз жасынан еркін, өжет өсіп, қатарының алды болған екен. Оқиға орыс империясының қазақты ығыстырып, батыстағы шұрайлы жерін біртіндеп иелене бастаған кездерінде болғанға ұқсайды. Ер жетіп, ат жалын тартып мінген атамыз, жігітшілік дәуренінде сол тұстағы бір ханның, әлде, ақсүйектің бір қызымен сөз байласып, көңіл қосып жүреді екен. Әлгі қызбен отасуға сол тұста кедергі өте көп болған екен. Күндердің күнінде ханның қызын алмаққа бел байлап жүріп, ақыр-аяғы әлгі ханның қызының өзінен басқа бір жігітпен кездесіп жүргенін біліп, бір күні сол жігітпен жатқан жерінен үстілерінен түсіп, екеуінің де басын шауып тастайды. Батыр албырт деген бар. Ашу үстінде жасаған қылмысын мойнымен көтеріп, кісі қолына түсіп, пенде болғысы келмеген бабамыз, елін тастап, жүзден жүйрік шығар сенімді бөйгі атына мініп, Арқаға қарай қашқан екен. Батыстан шығып, Сарысуды көбелеп, ақыр соңы осы Қарқаралы, Кент өңіріндегі сол тұстағы беделді хан тұқымдарынан пана тапқан екен. Батыстағы хан тұқымының тепкінінен құтылуы үшін Арқадағы хан тұқымынан пана іздеу қисынға келетін тәрізді-ау. Ал, сол тұста Қарқаралы, Арқа аймағын билеп тұрған билік иелері осы аймақтағы жергілікті жұртты бағындырып, айтқанын өткізіп, айдағанына жүргізу үшін сырттан ара ағайын іздейді ғой. Жарбол бабамыз бұл жақтағы билеушілердің сол талабын толықтай қанағаттандыра алатын батыр тұлғалы, елді сөзбен де тоқтата алатын әлеуетті адам болған екен. Оның үстіне мұндағы қалың елдің ешқайсымен туыстығы да жоғын ескерсе керек. Содан, мұндағы төре тұқымы

Қарқаралының ең бір шұрайлы жерлерінің бірі – қарағай-қайыңы тауға өрлей біткен, ежелден елге құтты қоныс, жаз жайлау, қыс қыстау болған қасиетті Кент қазылықтың бауырынан бабамызға қоныс беріпті. Арқадағы мұндай шұрайлы, шұратты алап екінің біріне бұйыра бермейтінін ескерсек, біздің Жарбол атамыз осал азамат болмағанын аңдауға болады. Әлбетте, құр мақтан, кеудемсоқтықтан адамыз. Біздікі, ел ішіндегі аңызды ғана жеткізу.

Содан, Жарбол атамыз бұл өңірге тұрақтанып қалсын делік. Өзі сегіз ағайынды болған екен. Жалғыз осында аттанғанда, соңында жеті бауыры мен анасы қалған. Өлқисса, батыста атамыздың бірге туған жеті бауыры мен анасы бір заманда бауырларын іздеген екен. Содан анамыз қасына Құлбол атты баласын ертіп, Арқаға сапар шегіпті. Күн жүріп, апта жүріп, ақыры Кент бауырындағы Жарболды тауып алады. Ана жүрегі қай баласына да шалқар қоныс, жазиралы жұмақ десек артық емес. Мұнда келіп, Жарболдың үйлі-баранды болғанын, аймағына аты танымал азамат атанып, жайлаған жерінің де өзге жергілікті жұрттың қоныс-тұрағынан кем емес екенін байқап төубе десе керек. Содан Жарболдың анасы, қанша айтқанмен, өскен жердің туған жерге жетпейтінін айтып, баласын көндіріп, елге қарай көш бастайды. Осындағы төрелермен, ағайын-жамағатпен қоштасып, жолға шыққан Жарболдар біраз жүріп, Сарысудың маңына келіп, түнейді. Ертесіне таңертеңгілік елге барам деп келе жатқан Жарбол ойынан күрт айныған екен. Түнде қолайсыз түс көрді ме, өлде, бауырлары, ағайын-туыс төлеген төренің құнын сондағы билік тізгінін ұстаған жандар кешпесін, ертең сертін ұмытып, қайыра қолға түсіріп, қинар деп ойлады ма екен?! Сол жерде елмен қоштасып, анасының тоқтатқанына қарамай, Кентке қайтып оралыпты. Кетерінде, бауыры Құлболға: «Сен де ертең мені іздерсің.

Тірлік болса, жолығармыз» деп қоштасыпты. Содан, Құлбол анасымен елге оралсын делік. Жарбол болса, сол өзінің сіңіскен ортасына барып, баяғы тиянақты тіршілігін өрі қарай жалғаған-мыс. Өзі кетерінде айтса, айтқандай, арада бес-он жыл ма, әлде, одан көп пе, әйтеуір бір заманда Жарболды батыстан Құлбол іздеп келеді. Құлбол жалғыз келмей қасына қолынан іс келетін ісмер, темірден түйін түйген көрікші, ұста Жабағы атты кенже бауырын ерте келген екен. Ақыр-аяғы Ақтөбеден шығып, Арқаға кеп тамыр тартқан Табын атасы осы Жарбол, Құлбол, Жабағыдан өрбиді. Құлбол да, Жабағы да жаңа жұртқа жақсы ісімен сіңіп, кірігіп кетеді.

Міне, біздің аталарымыздың Арқаға келіп, қоныстануы осылай басталған дейді аңыз. Қазақтың шалқар даласы, жаз жайлау, қыс қыстауы бөрімізге ортақтығының бір белгісін де осы аңыздан көре аламыз.

Қазір осы Қарағанды аймағында Табыннан тараған біраз өулет, шаңырақ бар. Олардың көбі Жарбол ағасын пана тұтып, бауыр тұтып іздеп келген Құлбол атамиздың кіндігінен тараған ағайын. Ал. Біз – Жарболдан тараған ұрпақ аздауымыз. Сірә, сонау зұлматты заманда бастан кешкен қиын кептің, тағдырдың салмағы ма, әлде, елден кеткенін кеше алмаған анамыздың назасы ма, Жарбол өулеті аз-аздан ғана өрбіп келеді. Бірақ, қалың ел, ағайын-жұрат ортасында ешқашан азбыз демедік. Елмен бірге өріп, елмен бірге қоныс тептік осы топыраққа...

Арада қаншама уақыт алмасып, қаншама өзен ағып, заман жаңғырған сайын сол аталарымыздың бастаған ісін жалғар бөрікті ұл мен көрікті қыз аз емес ортамызда. Заманында аймағына аты танымал болған Алатай, Мұқатай сынды қалпелер елді ауызына қарата білген. Осы өңірдегі айдарлы батыр, аруақты би-шешен, көсемдермен үзеңгі қағыстырып бірге жүрген аталарымыздан қалған

өсиет көп. Біздікі сол өсиетке адалдық, ата салған даңғылды өшірмей алға жалғай беру...

* * *

Кенестік дәуірге дейін, патшалық заман тұсында Қызылтас, Ақтас бойында аталарымыздың қазық қағып, желі байлаған, ошақ қазып, отауын тіккен, малын өрістетіп, жайлаған жеріміз болған екен. Қазақтан шыққан тұңғыш заң магистрі атақты Ақбайдың Жақыбының тұсында қазақ даласын картаға түсіріп, тұрмысын зерттеген экспедициялар көп болған ғой. Сол дәуірде кезекті экспедицияға келген екі-үш орысты қазақтар өлтіріп алады. Себебі, қандай болғаны мәселе емес. Орыстар тізесін батырды ма, басқа мінәйі себебі болды ма, өйтеуір, «орыстарды Табындар өлтірді» деп, істі қылып жіберген. Аталас туысымыз Айтжеккендердің үлкен әкесі Шағатайды «Орыс қырған Шағатай» деп ел содан атап кеткен екен. Сол уақытта Шағатай атамыз 80-ге келген қария екен де, ал оның баласы Тоқсанбайдың өзі 60-қа кеп қалған адам екен. Сол екеуін соттап, Сібірге жер аударып жіберіпті. Ақбайдың Жақыбының күш-беделі бар ғой. Шамасы «Істі мойындарыңызға алыңыздар, сотқа жеткізбей аман алып қаламыз» деген ауызекі келісім болған тәрізді. Бірақ, «үкіметтің құрығы ұзын» демекші, қылмыстық іс қозғалып, табынның азаматтарын соттап жіберген. Бұл жағдаятты Кенттегі аталас туыстарымыз - табындар естиді ғой. Кенттегі табындар ауқатты тұрған, бай, жан-жақты әлді болған екен. Сол тараптағы Мәдендердің әкелері, Түсендердің әкелері көшіріп алған екен. Мұндағы бауырларын соттап, итжеккенге айдап жіберген соң, жандары ашып, жүректері ауырып, қастарына алдырған. Жесірін жатқа бермеген, жетімін жылатпаған өрелі елдің өрендері ғой себебі. Аталарымыздың Қызылтас-Ақтастан көшіп, Кентке бару себебі сол.

Сол Кенттен Айтжекеңдердің үйі ертерек келген. Қушоқыда «Нұрабай қорасы» «Нұржан қорасы» деген қоралар бар. Ертеректеу келген соң жер атауы да қоныстанған орнына қарай берілген-міс. Ақтас жақта біздің аталарымыздың атымен аталған жер атауы жоқ. Соған қарағанда, кеңестік үкіметтің өкілдері жер аттарын, елді мекендер атауларын өздері қойған, ел соны жадына сіңірген жылдары көшіп келген тәрізді. Бұған қоса, біздің әкеміздің Кентте туғаны, Қызылтаста туғаны белгісіздеу боп тұр. Рамазан атам Шетке отызыншы жылдары көшіп келді ғой. Сол кезде әкей Кентте туды ма, әлде, осында көшіп келген соң дүниеге келді ме? Белгісіз. Соның нақтысын уақытында әкейден де сұрамаппыз. Тағдырдың жазуы осылай болады деп кім ойлаған! Осы арасы анық болмай тұр.

Әкемнің әкесі Рамазан Шетке келгенге дейін қызметкер боп, ел алдында жүрген жан еді ғой. Белгілі ғалым, жерлесіміз, академик Ақылбаев Жамбылдың әкесі Сәулебек атамның айтуынша, 1925 жылы сол кездегі еліміздің орталығы Қызылордада өтетін комсомол съезіне Қарқаралыдан Рамазан әкеміз барған екен. Себебі, ол кісі орыс тілін, қазақ тілін өте жетік меңгерген, көзіқарақты сауатты азамат болыпты. Сәулебек атамның «Мен комсомол съезіне делегат ретінде өтпей қалдым. Себебі, мен орыс тілін Рамазан тәрізді жетік білмейтін едім» деп айтып отыратын.

Сол Рамазан атамның 1930 жылы Шетке қызметке келген. Кейінгі жылдары мен ес білген жылдары шешей айтып отыратын, «Отызыншы жылдардағы зұлмат аштық жылдары ел қырылып жататын» деп, «әкейлер шапқылап жүгіріп жүретін - ашыққан адамдар балалардың етін жеп қоймасын» деп. Рамазан атамның Інісі Разақ сол кезде ашыққан елге азық-түлік жеткізу ұйымының басшысы

болған – «Продпомощтың» бастығы боп, аймақтағы ең жақын өндіріс орталығы, қалалы жер Қарағандыдан тамақ тасиды екен. Содан, «Продпомощтың» үйіне қарай жан-жақтан аш-жалаңаш адам шұбырып кеп жатады дейді. Үлкен әжем Төнтекең мен Төлеу анам аштарға арнап бөлінген тамақты терезенің алдына бөлек-бөлек етіп, қойып қояды екен. Үлкен әжемді ел арасында Төнтекең деп атап кеткен. Негізі шын есімі Рахима Елеусізбайқызы. Жатқан жері жарық болғай! Кесемен, өзге ыдыспен өлшеп, аздап там-түмдап үлестіреді екен. Өзі қаншама уақыт тамақ ішпей ашыққан адамға алғаш бетте тамақты көп берсе, аш өзегіне түсіп кетеді ғой, сондықтан аз береді екен. Сол аз ғана тамақтың өзін ішіп алған бетте, өбден арып-ашыған жандар, тамақты көтере алмай, домаланып, құлап жатады екен. Шетте төрт-бес жыл қызмет атқарып, 1935 жылы партия қызметі арқылы көршілес аймақ - Ақтоғай ауданына ауысқан. Онда небары екі-ақ жыл қызмет атқарып үлгірген. Себебі, 1937 жыл – қанды қырғын репрессия басталған. Сол кезде – 1937 жылы біздің әкей бар болғаны бес жаста, әкейдің інісі Шөкен екі жастағы бала екен.

Ақтоғайда ұсталғанда әкейдің баптаулы, мықты бөйге аты болыпты. Елдің жақсыларын шетінен байлап-матап әкетіп жатқанда үкіметтің қолшоқпар жендеттерінің өзін де енді аман қоймайтынын сезген ғой. Сезгенде, есіне ертеректе Қарқаралы, Кентте болған оқиға оралса керек. 1920-жылдары Қарқаралыдағы байлардың көпшілігі отбасын алып, мал-мүлкін шамасы жеткенше алып, алмағанын қалдырып, Ресейдің шалғайлау аудандары - Улан-Удэ, Тюмень жаққа көшіп, қашып кеткен ғой. Сол кеткендердің арасындағы туысымыз Әбдірахманов Хасен ағаларымыз 1957-жылдары бір-ақ келген ғой сол жақтан.

Әлгі атамның есіне түскен оқиға мынау екен: 1920 жылдардың соңындағы «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ

қалмасын!» деген озбыр ұранды жалау еткен, төркілеу – байлардың малын көмпескелеу науқаны кезінде жергілікті атқамінер шолақ белсенділердің көрсетуімен Кенттегі бақуатты елдің арасынан он үш байды Қарқаралыдағы түрмеге тыққан ғой. Содан әлгі байлар түрмеде жатқан, бір күні түнгі сағат 12-лерде байларды түрмеден алып шығып, бір сайға апарып атып тастаған. Олардың ішінен ғайыптан тайып біреуі тірі қалған екен. Бәлкім, әдейі тірі қалдырды ма, айтып барсын, ел шошысын деп. Содан сол он үштің бірі түн жамылып, қашып отырып, Кентке, ондағы ауылға келген. Алқынып, ауылға жеткен бетте ауыл адамдарына болған оқиғаны баяндап береді. Қашып келген кісінің соны айтуға ғана шамасы келген екен. Ертеңіне таңертеңгісін әлгі сайға түрменің жендеттері барып, түнде өздері атып тастаған адамдарын санаса, бір адам жоқ. Дереу дабыл қағып, қуғыншы шығарады. Тірі қалған бейбақты сол күні-ақ таңертең артынан қуып келіп, ұстап өкетеді. Ол содан хабарсыз кеткен. 1929 жылы осы қырғынды көріп, аман қалған ел «қой, бұл жерден енді бізге береке болмас! Аулақтау жерге қоныс аударайық» деп, көшіп кетеді. Көшкеннің пайдасы сол – Ресейдің Сібірлік аймағына қарай кеткен ел 1932 жылдың ақсирақ аштығынан аман қалады, 1937 жылдың қанды қызыл қырғынынан да аман қалады. 1941 жылғы соғысқа барғаны болмаса, бұл жақтағыдай қасіретті көре қоймаған тәрізді. Содан тұтас ауыл, өулет өуелі бурят арасында – Улан-Удэде, Тюменьде орнығып, біраз заман өткен соң жағалай отырып, Владивостокқа келеді. Елге Сталиннің қанды билігінің қауқары қайта бастағанда бір-ақ келіпті...

Содан, Ақтоғайда Рамазан атамызды қамап жатқанда, есіне осы оқиға түседі. Сол дәуірде шалғайдағы ауа көшкен ағайынмен хат-хабар алмасып тұра ма, әйтеуір, олардың барын, амандығын біледі ғой. Сол жақтағы ел, туыс түседі.

Есіне түседі де, Шеттегі «Продпомощтағы» бауыры Разақты да жау қолына тастағысы келмей, ертіп алып, сол жаққа қашқысы келеді. Сол ұсталған күні өуірімдеп Шетке келіп, інісін көндіріп, ертеңіне таңертең ертемен қашпақ болып жатады. Өкінішке қарай, таңертеңгісін таңғы алтыда Ақтоғайдан НКВД-ның қуғыншылары жетіп келіп, ұстап өкеткен. Аталарымыз бір сағат қана кешігіп қалған екен. Енді шығамыз деп, дайындалып отырғанда милиция кеп, ұстап алған. Сол аталарымыздың дерегі кейіннен мұрағаттан шықты: 1937 жылы 1 қаңтар күні Қарағандыдағы «Он алтыншы» түрмеде бір топ аудан басшысын тізіп тұрып, атып тастапты. Ал, атамның інісі Разақты 25 жылға соттап, Магаданға жер аударып жіберген. Разақ атам болса, он жеті жыл Сібірдің сызды ауасын жұтып, орыстың орманын қиып, итжеккенде итшілеп жүріп, 1956 жылы елге, Қызылтасқа өзер жеткен. 1954 жылы Сталин өлген соң, ауыр жұмыс колониясындағы Разақ атамды, жалпы, сонда қамалған тұтқындарды түрмеден шығарып, орман арасындағы сотталғандардың арнайы қоныстарына - «спецпоселениеге» шығарған. Онда атамды 1954-55 жылдары - екі жыл тұрған. 1956 жылы дәм-түз бұйырып, елге келген соң Берікқараның руднигінен Кеншоқыдағы өңдеу орталығына түйе арбамен кен тасыған. Содан 1961 жылы Кеншоқыға келіп, өз алдына жеке үй салады. Кеншоқы болса, ол кезде Орджоникидзе совхозының №2 бөлімшесі. Одан соң Сталин колхозы болды. Ақыры 1963 жылы өз алдына жеке совхоз болды.

Жоғарыда әңгіме қылған Улан-Удэден елге оралған туыстарымызбен кейінде тығыз байланысып, араласып тұрдық. Өлі де аралас-құралас боп келеміз. Соғысқа қатысқан Хасен ағатайым немістің бір қаласының коменданты болған екен. Әскери шені – гвардия капитаны.

Ел ішінде «Капитан Хасен» деп аталып кеткен. Соғыстан соң Қарағандыда облыстық атқару комитетінде қызмет етті. Политехникалық институтта, Кооперативтік институтта дәріс берді. Философ болатын. Әжем Төлеу Ахметқызымен немерелес, яғни, менің ұлы нағашым боп келеді. Мен студент кезімде осы Хасен ағатайымның үйінде жатып оқыдым. Гвардия капитаны, сұсты, әрі сондай білімдар адам болатын. Сабағыма да, басқаға да көп септігі тиген, шарапатты адам.

Біздің табында табыннан алғаш қыз алған адам екеу болған. Бірі – Айтжекең ақсақал болса, екіншісі менің Рамазан атам. Екеуі де Кенттің табындары – Құлболдардың қызын алған. Хасен ағатайым қазақша-орысша өлең де жазатын.

Ал, сонау 1937 жылы Рамазан атам ұсталып кеткенде біздің әкей Шәкен інісімен Ақтоғайда қалған деп жаздық қой жоғарыда. Жарықтық әжем Төлеу Ахметқызы сол кезде отызға толмаған жас келіншек екен. Екі жастағы Шәкен мен беске енді толған Мұкарам әкемді қанаттыға қақтырмай, түмсықтыға шоқыттырмай, ер жеткізген. Әжемді «Халық жауының семьясы» болған соң, маза бермей қудалай берген. Соған қарамастан, Төлеу әжеміз бар бейнетті көтеріп, өз балаларын ғана емес, немерелерін де жеткізді. Менің өзім сол әжемнің бауырында өскенмін. Асылдың сынығындай сол анамыздың алдында ұрпақтық парызымыз ересен! Шынтуайтында, қарап отырсақ, сол кездегі адамдардың барша қиындықты бастан кеше отырып, төзімді болуы, көтерімді болуы не деген керемет қасиет. Отызға толмаған жасында жалғызбасты, халық жауының жесірі атанған асыл анамыз кімге де болса үлгі бола алар!

Сол заманда, әрине, әжеміз шиеттей екі баламен жалғыз қалған жоқ. Атамыз - атақты Жексенбай молданың ол

заманда көзі тірі. Ол кісінің бұл өңірдегі жұртқа беделі белгілі, есімі таныс болатын. Жексенбай атам Бұқарадан діннің оқуын оқып келген, аймақтағы көзі ашық азаматтар қатарынан саналған. Сол дәуірде ел аузынан тараған, қазір жазба нұсқалары арқылы көпке таныс «Шәкір-Шәкірат», «Жүсіп-Зылиқа» сынды көне қисса-дастандарды таңды таңға ұрып, жатқа жырлайтын, өулиелігі, емшілігі бір басына қонған қасиетті адам болыпты. Жексенбай атам Рамазан мен Разақты жасында діни сауатын ашып, өліпбиді үйреткен екен. Екі баладан тірідей айырылған атамыз сол балаларын жоқтап жыр да жазып, айтып отырады екен. Ол айтқандары елге кеңінен тарап та кетсе керек. Себебі, 1983 жылы мен оқу бітіріп, дәм айдап, заманында атам Рамазан қызмет етіп, іргесін қалауға еңбек сіңірген Ақтоғай ауданында қызметке келдім. Сол кезде Мұхамедия ағаммен жақсы араласып, үйіне жиі барып тұратынмын. Бір барғанымда Мұхаңның анасы «Сенің үлкен атаң Жексенбай қасиетті адам еді. Рамазан атаң мен Разақ атаң итжеккенге айдалып кеткенде, екеуін жоқтап керемет өлең шығарып, айтып жүретін. Сай-сүйегімізді сырқырататын. Соны жазып алдыңдар ма?» деп сұрайтын. Мен өз кезегімде әкейден сұрап көріп едім. Кеңестік идеологияның қыспағы салдарынан әкем де атамның жырын сақтай алмапты...

Ия, сонымен, Жексенбай атам келіні мен әйелі, екі немересі бар қазіргі Иманбай қарасуы – «водоемның» тұсында қыстақта тұрады. Отызыншы жылдардың соңынан соғыс аяқталғанша сонда тұрыпты біздің үй. Ол кезде қазіргідей ағылып жатқан көлік жоқ, бір таудың әр бөктерінде жатқан жұрт бір-бірін біле бермейтін де шығар. Қазіргінің қысы ол заманның қысының жанында жылымық тәрізді боп қалатын шығар. Кейінгі жылдарға дейін Қызылтастың боранының қалай болғанын ел де

біледі. Сол қыстақта жатқанына қарамастан, атамыз қысы-жазы атпен елге пошта тасыған. Ауырған адамдарын емдеп, елдің қажетін ашқан.

Осы «Водоемның» жанында Көкі деген Тобықтының бір байының мазары тұр. Осыдан бірер жыл бұрын Балқаш жағынан ба, әлде Алматы жақтан ба бір ұрпақтары келіп, басына ас беріп, қабырғасын қайыра жаңартып қалап кеткен. Жексенбай атам үйелмелі-сүйелмелі қос әйел мен шиеттей немерелерін аяп, «Мен өлсем, алысқа апарып өуре болмаңдар. Мына Көкінің қасына жерлей салыңдар» дейді екен. Сол айтқаны орындалып, атам қазір Көкінің қасында жатыр. Осыдан бес жыл бұрын басына көктас қойып, құран бағыштатып, ұрпақтық парызымызды өтеп қайтқанбыз. Аруақты атамыздың жатқан жері жайлы болғай! Сөйткен Жексенбай атам орыс-қазақ немісті жеңген 1945 жылы қайтыс болған еді.

Арада алмағайып заман ауысып, үкімет ауысып, өкелеріміз қартайған шағында менің Шөкен ағатайым осы Жексенбай атам тәрізді өзінің мәңгілік бақиға аттанғанда жатар жерін алдын ала айтып кетті. Бұл өзі бір жағынан күлкілі, бір жағынан адамды толғандырар қызық әңгіме.

Шөкен ағатайым ғұмырын ауылшаруашылығына арнаған, елдің, жердің көркеюі үшін қызмет атқарған азамат. Шын аты – Шөкәрім. Ел-жұрт айтуға жеңіл көріп, «Шөкен» деп кеткен ғой.

Менің өкем Мұқарам үлкен әжесінің – руы Шекшек Рахима Елеусізбайқызының, ел арасында «Төнтөкең» атанып кеткен әжеміздің бауырында өскен. Мен өз әжемнің бауырында өскенмін ғой. Біздің анамыз Нағима он бала тапты, онның барлығын да өсірген осы Төлеу әжем. Анамыз қызметте, кеңестік кезеңнің қатал тәртібі дегендей...

Содан, Шөкен ағам болса, өз анасының, яғни, менің әжемнің бауырында ер жеткен. Жасынан іске алғыр боп,

адал қызмет еткен адам дейді қатарластары. Елге сыйлы болды. Бұл айтқандарыма осы кітапты оқи отырып, кітаптағы естелік иелерінің ағеділ пікірлерін шола отырып, тағы да көзіңіз жететін болады. Кейінде сол Шөкен ағатайым науқастанып жатып қалды. Науқас ағамның халін сұрауға бір күні әкей бәріміз барып, біраз әңгімелесіп отырдық. Содан ағатайым бір мезетте:

- Мен өз шешемнің жанына жатайын. Сендер де өз шешелеріңнің қастарында жаттыңдар ғой өмір бойы, - дейді. Әлгі ауыл баласының «менің шешем мынау, сенің шешен анау», «сен оның баласы емессің, сен ананың баласысың» деп жүретін сөзі болады ғой. Соған келтіріп айтып еді, Шөкен ағатайым. Содан кетіп бара жатқанда,

- Ей, ойнап айтам, мені мына жолдың бойына қойыңдар. Анау алыс Кеншоқыға қайсың барып жатасыңдар. Мына жақын жерге жерлеңдер, - деп айтып кетті. Жұбатып, біз шықтық. Содан қайтып келе жатып, әкейге айтам:

- Жарайды, жата бер деп айтпайсың ба? Науқастанып жатқан адамның жаны жадырап, көңілденіп қалсын, - деймін. Әкей болса, жерден жұлып алғандай:

- Е, мені өлмейді деп кім айтты?! - демесі бар ма!

Ақыры солай болып та шықты. Жарықтық, Шөкен ағатайым осыдан бір жарым жыл бұрын, қайтыс болса, оның соңын ала араға жарты жыл салмай жатып, әкем мен анам да қайтыс болды. Қазір Шөкен ағатайым жол бойында Шеттің басында жатыр. Әкем мен анамды Кеншоқыдағы әжемнің бейітінің ішіне апарып жерледік...

Әкей екеуі түйенің қос өркешіндегі бірге туған бауыры – Шөкен ағатайым бір өзгеше адам еді. Жарықтық Шөкен ағатайымның қазір үш ұл, үш қызы бар. Махамбеттің тілімен айтқанда, «Өтемістен туған он едік, онымыз атқа қонғанда жер қайысқан қол едік» дегендей. Төнтай шешеміз

осы түйенің өркешіндей екі ұл аман болсын деп, ниет қылып отырады екен жас кезінде. Сол әжеміздің айтқаны келіп, тілегені болып, қазір Мұқарамнан он, Шөкеннен алтау, өсіп-өніп келеміз, тәуба. Шөкен ағамның бір ұлы хирург. Жары Сақан тәтем осы балаларының бәрін тәрбиелеп, ағатайым бір жыл ауырып жатқанда күтіп, одан да өзге көп ісімен елге қадірлі болған.

* * *

Біздің әкейлер соғыс кезінде ержеткен, жасынан бейнеттен белшеден кеше жүріп, балалығын қысы-жазы ауыр жұмыспен өткерген ұрпақ қой. Әкелеріміздің сол бейнетін біздің ұрпағымызға бермесін! Соғыс жылдары сонау Қызылтастан Ақтоғай, Сәулеге барып, қыстың ақ түтек боранында 70 шақырым жерге бірнеше күн түнеп жүріп жетіп, жаяу барып кеп оқыған. Каникулға шыққанда өгіздің арқасына мініп, соқаға жегілген. Жексенбай атам қайтыс болған соң, әкей Қарағандыға кеп, Әбіштен туған Мәден туысымыздың үйінде жатып оқыған. Әкей соғыс аяқталған бетте – 1947 жылы Қарқаралыдағы педагогикалық училищеге оқуға қабылданады. Ол жерде 1950 оқуын бітірген бетте Шет ауданына келген жас маман ретінде жолдамамен Кеншоқыға мектепке мұғалім ретінде аттандырылады.

Әкеймен осы ұстаздық өмір жолын бірге атқарған, әрі жақын туысымыз Қапыш аға сол кездері соғысқа барып келген, ысылған азамат болатын. Әкеймен бірге қызмет істеді. Қызылтастан бастап, Еңбекшілде, Шет аймағында қызмет еткен. Оның алдында шешей Нағимаға Шетте сабақ берген. Әкейді өзі ертіп апарып, Садық ақсақалдың жалғыз немересі Нағима анамды алып берген екен тіпті. Кейіннен ғой әрине.

Әкей 1955 жылы әскерге кеткен. 1958 жылға дейін Белоруссияның астанасы Минскіде отан алдындағы борышын атқарып елге оралады.

Қапыш ақсақалдың бәйбішесі Кеншоқыда, көзі тірі. Ортамыздағы үлкен аналарымыздың бірі. Қапыш ағамның он баласы бар. Ғұмыр бойы мұғалім болды.

Қапыш ағамның жастық шағы да әкейлермен бірге өтіпті. Соғыстан келген жылдары бірге оқыған. Бірге қызмет етулерінің де бір «тарихи себептері» бар. Баяғыда, 1937 жылы Рамазан атам Ақтоғайдан қашып, Шетке кеп, ақыры ұсталып кеткенде соңында қалған жары Төнтөкеңе «балаларды алып, Шет жаққа барыңдар. Ондағы елмен көп араластық. Бізді біледі, аш қалдыра қоймас» деп айтып кеткен ғой. Мұндағы елдің Рамазан мен Разақ аталарымнан жақсылық көрмегені кемде кем шығар. Қысталаң заманда елді аштықтан аман алып қалып, көзі ашық азаматтар ретінде жергілікті билікті де елге қызмет етуге үндегенін ел біледі. Бұл туралы ақтоғайлық өлкетанушы журналист Күләш Сардарбектің «58-ші статья» атты кітабында да жазулы. Қапыш ағам мен әкемнің осы ауылдарда қызмет етуі сол аталарымның салған жолын жалғау тәрізді. Ол кісілермен бірге Дүйсенбеков Көкен ағамыз да еңбек еткен. Мұғалім болған ол кісі де өмір бойы. 1988 жылы зейнеткерлікке шыққан бетте қайтыс болды, жарықтық.

Әкеміз бен анамыздың ғұмыры ағайын-туыстың ортасында өтті. Екі жаққа да, алыс-жақын туыс, құда-жекжатқа да сыйлы болды.

Нағашым - аймаққа аты мәлім Садық ақсақал. Мінезі тік, өткір адам болыпты. Жалғыз ұлы Әбдірбай соғысқа кеткенде қолында жалғыз қызы Нағима қалған. Бір өулеттің еркелетіп өсірген қызы болған анамыз. Әбекең нағашым қырғын майданда қаза тапқан соң, жұбайы – нағашы әжем Сақып анамыз тұрмысқа шығады. Хасенов Сағат атты

әкемізге. Әскери комиссар болған. Садық атамыз болса, жас келіннің өмірін өксітпейін деп, рұқсатын берген. Ол кезде жасы сексенді еңсеріп қалған кезі болса керек. Үйде жалғыздікті боп қалған соң, Кеншоқыдағы Осатай ақсақал бір баласын шаруашылығына көмектесуі үшін қолына берген екен Сәкеңнің. Бір күні көктемгі ме, әлде күзгі ме әскерге шақыру науқанына әлгі ұлға шақырту қағазы келеді. Содан Садық ақсақал Шеттің орталығындағы Сағаттың үйіне ашуланып барған екен. Барса үйде келіні қарсы алады. Шай береді.

- Шай ішпеймін, әлгі военкомың қайда? – дейді атам ашуланып.

- Ол жұмыста, - дейді ғой келіні.

- Шақыр жұмыстан, - деп, жұмыстан алдырады. Содан военком келеді үйге, ата не болды деп. Сонда, нағашы атам:

- Әй, сен, жалғыз ұлымды әскерге жіберіп өлтірдің... – деп бастап келе жатса, Сағат:

- Енді оны мен емес қой өлтіріп тастаған?! – дейді не дерін білмей.

- Е, жарайды. Сен емес қой өлтірген. Өзінің тағдырынан солай болған шығар. Енді онымен қоймай одан қалған келінді алдың. Енді менде жүрген ұлды да алмақшысың ба? - деп ақырыпты.

Содан Сағат әлгі баланы әскерден қалдырып, құтылған деседі. Садық атамның Сағаттың үйіне қандай көңіл күймен келе жатқанын олар атты ағашқа қалай байлағанынан-ақ аңғаратын көрінеді.

Өте ширақ адам еді. Сексеннен асқанша атқа өзі мініп, өзі түсіп жүретін. Қайратты еді. Руы Сарым ішінде Кенжебай болатын. Баласы, менің нағашы атам Әбдірбай Шетте аудандық қаржы бөлімін басқарды. Әскерге кетіп, оралмағанын айттық жоғарыда. Сәкең нағашым 1964 жылы қайтыс болды.

Сол атамның да арқасы болуы керек, алдына бір жан тік келмей ерке бұла өскен Нағима анам Садық атамның жалғыз ұрпағы, асылдың сынығы деп ел өлі айтып отырады. Анам Нағиманың алдына бүкіл Кенжебай руының үлкен-кішісі қарсы келмеуші еді. Ауылда ғұмыр бойы кітапханашы боп қызмет атқарды. Өзі 1937 жылы дүниеге келген. Бір ағаларым 1936 жылы туған деп айтып жатады...

Бірде мынадай қызық жағдай болыпты. Соғысқа барып келген соң Тәкішев Жұматай ағамыз Кеншоқыда ауылсовет төрағасы боп қызмет атқарды. Бір күні жиналыс өткізіп жатқанда, өзіне аса қатысы жоқ жиналысқа қатысып, оның үстіне Жүмекеннің айғайлап жатқанына шыдамай, анам айғай салыпты:

- Әй, шал, жиналысты өткізсең, жөнімен өткізсеңші. Бөле болдың ғой. Айтарыңды айт та бізді жіберсеңші, - деп. Сөйтсе, өзінің әкесімен бірге соғысқа қатысып келген Жүмекен, оның әкесінің соғыстан оралмай қалғанын ойлай ма, көз алдында отырған баласын көріп ойлана ма, өйтеуір, үндемей қалады екен...

Нағашым Әбдірбай атаммен бірге туған екі қыз бар. Панария, Қамария деген. Екі апасы анамды алақанына салып өсірген. Бір жездеміз Балық атты азамат болған. Бір жездеміз Матаев Орынбай атты азамат еді. Соғыс уақытында Шетте милицияның бастығы болды. Өте беделді, қатал адам болған. Бір күні өзінің бір көңіл қимас жақынының баласын соғыстан алып қалады екен. Сөйтсе, оны көріп, біліп қойған біреу үстінен арыз жазып жібереді. «Өзі соғысқа бармағанымен бірге, біреудің баласын соғыстан алып қалып отыр» деп. Ол заман үкімет пен партияның аса қатал кезі ғой. Орынбай Матаевтың өзін әскерге салып жіберіпті. Қазақта «қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» деген керемет сөз бар. Сол

айтпақшы, Орынбай жездеміз қанды қырғын соғыстан аман-есен елге оралады екен. Соғыстан оралған соң, бұрыннан ел ішінде беделді, қызметке адам. Одан сайын беделі артып жүре береді. Тағы да түрлі көптеген қызметтер атқарады.

Орынбай Матаевтың бір бажасы Балық дедік қой. Менің нағашы атамның қос жездесі. Сол Балықтан туған Жұмалдың туған қарындасы Зағия мен менің анам Нағима екеуі осы Орынбайдың үйінде жатып, оқиды. Орекен Ақшатауда, Қырықжылдықта, Шетте қызмет еткен.

Жұмал ағамыз да милиция болған. Нағашы жезделерім мықты болған. Олардан туған ұрпақ та осал емес. Зағия төтем менн анам Нағима бірге туған қыздардай, апалы-сіңлілі боп тұрды. Анау жылдары шешей үйден шықпайды. Зағия болса, осындағы №7 мектепте мұғалім. Содан шешей үйге біреу келетін болса, Зағияны жұмсайды: «анау жетпей жатыр, мынау жетпей жатыр. Қайда жүрсің?» деп ұрсып та қояды. Мектепте жүрген мұғалімнің қолы бос болушы ма еді. Соған қарамастан, шешейдің айтқанын қалт жібермей істейтін. Сондай тату-төтті болды.

Осы шешелеріміздің жақсы жарастықты тірлігін, дәстүрлі жолды кейіннен өзінен өрген ұрпақтары, келін-күйеу балалары жалғады. Бұл дәстүр біздің отбасыда да бар. Жұбайым Райхан екеуіміз бір ауылда, бір сыныпта бірге оқыдық. Бала жастан бірге өстік десек те артық емес. Кейіннен жоғары оқу орынын бітірген соң, Ақтоғайда қанаттасып, қызмет жасадық елге. Райхан менен бір жыл бұрын бітіріп, тұтыну қоғамында есепші боп қызмет етті. Сонда жүріп, үйлендік. Үйлі-баранды болдық. Әкей жарықтық тіршілігінде айтып отыратын: «Ертең мына шешелерің кетеді. Мен кетемін. Сол кезде Құрмаш пен Райханға барлығың бағынасыңдар» деп. Бір өулет болған соң, ауызбіршілік, ынтымақ керек қой. Соны ескеріп айтатын. Райхан да көп балалы отбасыдан шыққан.

Бір қызығы, әкей осы келіні Райханға керемет сенді. Кез келген шаруаны келінімен ақылдасып істеп отыратын. Шешейді айттық қой. Тік мінезді, тік кеткен адам деп. Сонау жылы Рахат інім қайтыс болған. 2002 жылы қайтыс болған. Оған да он жыл өтіпті. Сол інім қайтыс болғанда, біз ауылға мәйітті апарып, кіріп-шыққан елмен көрісіп жатсақ, әкей жүр үйге кіріп-шығып. Райхан қонақасын беруге Қарағандыдан азық-түлік жеткізуге кешігіп қалған. Сөйтсек, әкей сол келінін күтіп жүр екен. Ақылдасу үшін. Осындай қызық жағдайлар болған.

Райханның әке-шешесі ағайын-туыс арасында сыйлы кісілер болды. Әрі маған бір жағынан нағашы боп келеді ғой. Сол қайын атамыз «заготскотта» қызмет етті. Баяғыда, менің бала кезімде бір күні әкей мал өткізу үшін «заготскотқа» апарып, кірге салады. Малының салмағын білу үшін. Әкей сиырды жетектеп келеді, мен соңынан шыбықпен айдап келемін, кішт-кішттеп. Бала кезім ғой. Бірінші сынып па, өлде екінші сынып оқитын кезім бе, нақты есімде жоқ. Содан әлгі темір кіртасқа сиырды өзгер мінгізіп, әкей бас жібін қымқырып ұстап, сиырды өлшеп жатады ғой екеуі. Мен болсам, сол маңда жатқан бір ауырлау темірді әкеп, сиыр салмақ бассын деп, білдірмей ғана сиырдың алдыңғы екі аяғының арасына әкеп кірге салып жіберіппін. Оған қоса, қарап тұрмай, оны әкейлерге айтып қойыппын. Әкей қысылып қалады. Ана кісі болса:

- Әй, жиен ғой. Жарайды, мә, онда! – деп сол темірдің де салмағын қосып жазып бергені бар. Артылған ақшаны қолыма ұстатқан. Кейіннен күйеу баласы болатынымды кім білген...

* * *

Міне, қадірменді оқырман, бір өулеттің соңғы бірер ғасырда басынан өткерген ауыр да, қызғылықты тарихи тағдыр жолы осындай. Кешегі аталарымыздың есімдерін

Бір қызығы, әкей осы келіні Райханға керемет сенді. Кез келген шаруаны келінімен ақылдасып істеп отыратын. Шешейді айттық қой. Тік мінезді, тік кеткен адам деп. Сонау жылы Рахат інім қайтыс болған. 2002 жылы қайтыс болған. Оған да он жыл өтіпті. Сол інім қайтыс болғанда, біз ауылға мәйітті апарып, кіріп-шыққан елмен көрісіп жатсақ, әкей жүр үйге кіріп-шығып. Райхан қонақасын беруге Қарағандыдан азық-түлік жеткізуге кешігіп қалған. Сөйтсек, әкей сол келінін күтіп жүр екен. Ақылдасу үшін. Осындай қызық жағдайлар болған.

Райханның әке-шешесі ағайын-туыс арасында сыйлы кісілер болды. Әрі маған бір жағынан нағашы боп келеді ғой. Сол қайын атамыз «заготскотта» қызмет етті. Баяғыда, менің бала кезімде бір күні әкей мал өткізу үшін «заготскотқа» апарып, кірге салады. Малының салмағын білу үшін. Әкей сиырды жетектеп келеді, мен соңынан шыбықпен айдап келемін, кішт-кішттеп. Бала кезім ғой. Бірінші сынып па, әлде екінші сынып оқитын кезім бе, нақты есімде жоқ. Содан әлгі темір кіртасқа сиырды өзгер мінгізіп, әкей бас жібін қымқырып ұстап, сиырды өлшеп жатады ғой екеуі. Мен болсам, сол маңда жатқан бір ауырлау темірді әкеп, сиыр салмақ бассын деп, білдірмей ғана сиырдың алдыңғы екі аяғының арасына әкеп кірге салып жіберіппін. Оған қоса, қарап тұрмай, оны әкейлерге айтып қойыппын. Әкей қысылып қалады. Ана кісі болса:

- Әй, жиен ғой. Жарайды, мә, онда! – деп сол темірдің де салмағын қосып жазып бергені бар. Артылған ақшаны қолыма ұстатқан. Кейіннен күйеу баласы болатынымды кім білген...

* * *

Міне, қадірменді оқырман, бір әулеттің соңғы бірер ғасырда басынан өткерген ауыр да, қызғылықты тарихи тағдыр жолы осындай. Кешегі аталарымыздың есімдерін

атап, құлақтарын шулаттық. Өмірден озған әкеміз бен анамыз туралы жазылған естеліктер мен тарихи әңгімелерді қозғай отырып, біраз шежіренің де басын қайырдық. Арғы-бергі өткен тарих туралы ғылыми нақты дәлелдер келтірмесек те, ел ауызында жүрген, көптің көкейінде сақталған әңгімелерді шама келгенше тізіп жазып көрдік. Бәлкім, сәл қиыстау кеткен жеріміз болар, бәлкім, біреудің ойына томпақтау келетін жайларды айтқан болармыз. Ондағы мақсатымыз, көпекөрінеу мақтану, бос атаққұмарлық емес, ешкімді кекету, мұқату да емес. Болған оқиғаларға өз көзімізбен қарау, еске алу арқылы әкелеріміздің, әулеттің жүріп өткен жолын таразылау еді мақсатымыз. Біз сол мақсатымызға жеттік пе, жетпедік пе, оны оқырман өзі таразылай жатар. Ең бастысы, Отанымыз аман болсын, ұрпағымыз тыныш ғұмыр кешсін деп тілеймін...

2007 жылы әкей мен шешейдің алтын тойын жасадық. 50 жыл бойы бірге ғұмыр кешкен ата-анамыздың алдында атқарар көп парызымыздың бірі болатын. Біз соны шама келгенше орайымен атқаруға тырыстық. Өйткені, ғұмыр тірлігін бірге өткізген әкеміз бен анамыздың өмірі баршамызға үлкен өнеге бола алады. Ата-анамыз жұптарын жазбай қалай бірге тірлік кешсе, бақилық сапарға да кенеттен бірге аттанып кетті. Ауырмай-сырқамай, ғайыптың жазуымен арамыздан кете барды. Соңында қалған бізге мұра ғып тірліктерінің қызық-қуанышты естеліктерін сыйлады, ата-баба жалғаған ізгі жолды ұштар өмір сыйлады. Бізді өмірге әкеп, бәрімізге білім берді, тәрбие берді. Елден қалдырмады. Үміт артты. Сол үмітті ақтау бәрімізге сын! Әке мен ананың ақ жолын жалғау бізге, бізден кейінгі ұрпаққа міндет...

Жұматай ҚҰТЖАНОВ,
соғыс және еңбек ардагері

ӨРІС-ҚОНЫСЫ КЕҢ ӘУЛЕТ

1950 жылы Мұкарам Қарқаралыдағы училищеден диплом алып келгенде мен Шет аудандық білім бөлімінде қызмет ететінмін. Аталас туыс бауырыммен таныстығым солай басталған.

Ал, аталарымыз бір туған, осы аймаққа бірге келген жандардың ұрпағы боламыз. 1820 жылдары болуы керек сірә, аталарымыздың мұнда келгені. Ол кезде Кіші Жүздің ханы Бөкей хан өлген. Оның орнына Жөңгір хан болған. Ертіс-Жайық екі өзен Кіші Жүз бен орыстың арасындағы қақтығыстың алаңына айналған заман болды ғой. Сол тұста бабамыз Жарбол Бөкейдің бір туысының басын шауып тастаған екен. Содан ағайын-туыс жиналып, Жарболға бірер күн тауда тығылып, паналай түр, сосын Арқаға қарай қаш деп ақыл берген екен. Арқадағы төрелерге бар деген. Сонда кеткен екен Жарбол. Бір-екі күн тауда паналап. Бұл жақтағы төрелер шынтуайтында, Жарболға пана болып, Кенттен жер берген. Себебі, Жарбол оларға бар шындығын айтқан, жағдайын түсіндірген. Содан, оған әйел алып берген төрелер. Көмек берген. Оншақты жыл өткенде Жарбол жақсы жағдайлы, ел қатарлы адам болған деседі. Бір заманда Жарболды туған шешесі, інісі Құлбол бар, тағы бір жолбасшы адам алып, түейеге отырып, оны біреуге жетектетіп, сұрай - сұрай кеп тапқан екен. Сөйтсе, Жарболдың халы жақсы, тұрмысы тәуір екенін көреді. Батыстан келген бұлар мұнда біраз болады. Елдегі жағдайға қанықтырады. Ол заманда төрені қара өлтірсе, құны 100 қара мал болады екен. Содан, «сол құнын өтеп біттік, енді кешірім алдық, елге қайтайық»

деп, Жарболды үгіттейді олар. Жарбол да анасының сөзін жерге тастай алмай, төрелермен қоштасып, еліне кетеді кетеді. Біраз жүріп, Сарысу өзенінің тұсына барып, қонады. Қосын тігіп, ертеңгілік таңертең жүрейік деп тұрғанда, Жарбол: «Мен бармаймын. Төреге сенуге болмайды!» - деп, сапардан бас тартады.

Сол жерде жылап-сықтап қоштасып, ел екіге айырылады. Жарбол бауыры Құлболға айтыпты сол қоштасқанда: «Тағы біраз уақыт өтер, реті келгенде маған тағы бір соғарсың» депті. Сол айтқандай, арада тағы біраз жыл өтеді. «Жарбол айтып еді» деп Құлбол, «мен де бір іздейінші» деп, өзі баяғыда анасымен бірге барған, жүрген жолмен жүреді. Қасына Жабағы деген інісін ерткен. Жабағы ұста болған, көрігі бар екен. Бұлар келсе, Жарбол ел боп отыр. Ақыры бұл жақтың ел-жұрты жағып, Құлбол да, Жабағы да осында қалады. Содан ұрпағы өрбіп, Құлболдан тоғыз бала, Жарболдан төртеу туады. Кейінгі ұрпақтарынан заманында елге сыйлы болған Алатай, Мұқатай сынды қалпелер шығады.

Мұқатай қалпе айтып кеткен ғой: «Менің айтарым: Арамдыққа бармандар, бісімілла деп дінді ұстайық. Ұрлыққа бармандар, еңбек қып елге сіңейік. Адалдық болмаса, елге енбейміз. Жүз үй болсаң да, табын табыннан қыз алыспандар, арамыз ашылып кетеді» депті. «Бірлік кетті деген сөз, бірлік кеткен соң ел болмаймыз» деп айтып кетіпті. Мұқарам, Рамазандардың атасы Жексенбай молдалықты оқыған. Қазір ұрпақтары өсіп-өніп отыр. Тәубе!

Рамазан жасынан молдалықты жасап, кеңес билігі орнаған соң жаңа өкіметке қызметін жасаған. Қарқаралыда беделді адамның бірі болды. 1920 жылдардағы кеңестер съезіне қатысқан. Соған делегет екеуінің бірі Сыздықтың Сәулебегі болатын. 1926 жылы ақыры сол съезге Рамазан барып қайтқан...

Еске түрлі әңгімелер түседі: Сонау жылы Қисық деген бір әкеміздің туысы бес жылға жер аударылып, тентектігі үшін Сібірге кеткен болатын. Ол жақтан өуірімдеп қашып кеп елде жүргенде, үкімет қайта ұстап алып, тағы айдап жібереді. Ел арасында Жұмағұлдың Қисығы деп аталып кеткен. Өзінің Елемес, Тілеген деген ағалары болған. Тілеген ақын адам болған, Елемес болса Жақсы Жанғұттының кеңесшісі болған екен. Содан өлгі Жұмағұлдың Қисығының шаруасына қатысты Жанғұтты ақыл беріпті: «Құнанбай да, мен де қорғай алмаймын. Заңның аты заң. Мен бір ат берейін, өздерің бір ат табындар, азық табындар. Жылдам қамданбасаңдар өкіметтен іздеп келер. Сарысудың бойын жағалап, Қызылордаға дейін апарып тастандар» деп. Тілеген пысық адам екен. Айтқанындай, Қызылорданың Жалаңаш ауданына жеткізіп тастапты туысын. Сол оқиғадан соң едәуір уақыт өткенде, 1935 жылы Рамазан Қызылордаға съезге кетіп бара жатқанда Тілегеннен туған старшын Тоқабек деген пысық адам болды, сол шаруа тапсырады ғой:

- Ей, Рамазан. Мына жақта Табын ауданы деген аудан бар. Сонда кеткен Қисық деген адам бар. 80-нен асқан, тірі болуы керек, - депті.

Рекең съездің арасында уақыт тауып, өлгі Жұмағұлдың Қисығын тауып алып, әңгімелесіп келген екен. Қызының қолында қалған, үл жоқ. Біз енді іздейміз барамыз деп отыр едік. Кеңес үкіметі әлденіп қалған кезі. Аштық басталған, мал тартып алу басталып қалған. Әркім өз басына пана таба алмай қалды ғой. Сонымен, хабарсыз кеттік. Бұл Рамазанның азаматтығы ретінде ерекше есімде қалып қойыпты.

Ия, заманында мен сөйткен Рекеңді көрдім. 1931 жылы аудандық кеңестің жауапты хатшысы боп отырды. Екі тілді қатар біледі. Рекеңнің жазған қауылысын ешкім бұза алмайтын. Себебі, жоғары жақта отырған басшылардың

дені әлі де сауатсыз болатын. Өз қатарында Рекеңнен сауатты адам болмады. Пұшпағын түсіріп жіберіп, бөрік киіп, үстіне көк барқыт киіп отыратын. Қатпар деген тауда, Қарағашта қыстағының орыны жатыр. Осы өңірде тұңғыш колхоз ұйымдастырған. Мен соғысқа кеткенде балалары оқуға түсіп кетіпті. Жете білмеймін. 1934 жылы аудан орталығын көшіріп, Жарық деген стансасына қоныстанып жатқан-тұғын. Сол кездері Қарқаралы округ боп құрылып шықты. Кейін совет өкіметіне қарсы ұйым шығып, 1937 жылы осының барлық аппараты ұсталып, Қарағандыдағы Киров клубында ашық сот болды. Сотталғандар атақты Абдолла Асылбеков, Фатаулин, Ордабаев деген Жаңаарқа ауданының секретары. Мен ол кезде қазіргі облвоенкомат отырған жерде училищеде курсантпын. Содан радионы саңқылдатып қойып, сотқа қатысуға комсомол ұйымынан өкіл жіберді. Сол жиында сотталып жатқан жандар айтты: «Біз лениндік саясатқа қарсы емеспіз. Голощекин басқарған аштан өліп қалдық. Үкімет басшылығына ұлттық кадрларды көтермеді. Бізге Сәкен, Рысқұлов, Ходжаев, тағы-тағылар керек» деді. Радио көшеде саңқылдап тұр, газеттер бұрқыратып жазып жатты. Ақыр соңы, не керек, әлгі сотталғандар: «Шетелмен байланысуға Қарқаралы округын ашқанымыз рас» деп мойындады. «Бас ұсындық» деді. Оны да радио айтып тұр. Әлгі Ордабаев: «менің он балам бар еді. Қателік істедім» деді. Оның он баласын аяған түрі ғой - оған он жыл кесті. Рекең де осы топтың арасында кетті ғой атылып. «Халық жауларын» ұстай бастағанда Рекең Ақтоғайда ұсталып кетті. Содан оралмады. Солар інісі екеуі, сол күні үлгіріп, ұсталмай кетіп қалуы керек еді деп ойлаймын әлі күнге дейін. Арманда кеткен арыстар еді!

Арада заман ауысып, соғыстан келген соң Шеттегі Ы.Алтынсарин мектебі жеті кластық боп қалған. Мен сол мектепте директор болдым. Сөйтіп жүргенде, бір күні

алдыма Мұқарам келді, Қапыш келді Бояубайдың. Екеуімен ақылдасып, мұғалім болындар деп ел ақыл берді. Екеуін Кеншоқыға, Қарғалыға жібердім.

Кейін мен осы Рамазан атамыз туралы біраз естелік жинадым. Осы кітапта беріліп отырған Рамазан туралы естелікті сонау жылы Мұқарам өзі жазып алған болатын. Облыстық «Орталық Қазақстан» газетіне шығарғам. Шеттің 65 жылдығына байланысты шықты.

Рекең 1931 жылы уезд тарағанда мұнда қызметке келді. Қарқаралыда нақты не істегені есімде жоқ. Мұнда жауапты хатшы болды. Продуктінің бастығы болды бір жағынан. Продпомощ ел қырылған соң келді ғой. Разақ болса, Райфинотделдің агенті болған. 17 жыл отырып келді ғой Разақ. Біздің үй ол кезде Құмкөл деген жерде. Разақтың келгенін естіп, бәріміз малымызды сойып, содан қонаққа шақыруды бісміллә деп мен бастадым. Кейіннен ауырып қайтыс болды ғой. Сібірдің орманын қиып келді ғой...

Сол замандағы елдің жақсы азаматтарының бірі Медеубайдың Садығының жалғыз баласы соғысқа кетіп оралмады. Одан туған қыз Нағима қалды. Еңбекшілдікі болатын Сөкең. Ашық, қызық адам болатын Садық.

Осы Нағимамен қатар оқыған, пионер звеносының басшысы Медиев Қасымбек айтатын: «Мұғалімнен емес, осы қыздан таяқ жедік» деп. Соғыстың ауыртпалықты жылдары ғой, сол заманда шешесі тұрмысқа шықты. Мен өзім Нағимаға сабақ бердім. Әкесі Әбдірбай соғысқа дейін райпотребсоюз бастығының орынбасары болды. Бір жездесі Матаев Орынбай милиция бастығы болды, пысық болатын...

Ия, сондай бір текті атаның ұрпағы еді. Асып-саспайтын, алға қойған мақсаттары анық, ел болам дейтін жігіттер еді нағыз. Жатқан жерлері жарық болсын!

КӨЗКӨРГЕНІМ...

Біз Мұқараммен жақын аталас туысқан боламыз. Бір жерде туып, бірге өстік. Мұқарамның үлкен әкесі Жексенбай деген кісі Бұхарадан дін оқуын тәмәмдаған. Білікті молда болды. Өзінен туған Рамазан, Разақ екеу, немерелері Мұқараммен Шәкәрім бұлар да екеуі бір өкеден. Балаларының да, немерелерінің де есімдерін Алланың қасиетті ай аттарымен қоюы да имандылықты, мұсылмандықты құрмет тұтқаны болар. Әкесі Рамазанды ауаткомның жауапты хатшысы болып тұрғанда, інісі Разақ екеуін бір түнде «Халық жауы» деп ұстап әкетті. Рамазан атылды. Разақ жазасын өтеп, елге келіп, өмірден өтті.

Мұқарам әкенің аялы алақанын көрген жоқ. Атасы Жексембай елге қадірлі, сыйлы болды. Қоңырат, Шет аудандарында сол кезде ол кісіден асқан білімді адам жоқ еді. Қайтқан адамның намазын шығаруға Қотана-Балқаш, Нұра болысындағы елдер қос ат жібертіп, ол кісіні арнайы шақыртып алдырып жүретін еді.

Қайтқан адамның тұсына ол кезде ат байлайтын. Сондықтан да шығар, ауқатты орта шаруа болды. Жоқшылықты көп көрген жоқ. Колхоздастыру кезінде колхозға сиыр, қой-ешкілерін беріп, стахановшылар қатарында үкіметтің қадірлі адамы болды. Ұлы Отан соғысы жылдарында майданға, ақша-қаражат беріп тұрды.

Мұқарам мен Шәкәрімді (Шәкен дейтінбіз, шақарлау тектен болған соң «У сары» дейтінбіз) атасы Қарагер биеге екі немересін мінгестіріп, өзінің таяғын тақымына қысып, немерелерінің ақ киізден тіккен сумкасын жарқыратып, мектепке алып барып жүретін еді. Ол кезде басқалар жаяу-жалпы баратын, не өгізге мінгесіп жүретін еді. Ол кісіні

«Халық жауларының әкесі» деп қудалаған жоқ. Құдайдан қорқып, біліміне бас игендік шығар.

Мұқарам мектепте мұғалім болды. Шәкәрім (Шәкен) жоғары білімді мал дәрігері болды. Зейнеткерлікке шыққанға дейін білікті мал маманы бас дәрігер совхоз, колхозды басқару қызметіне дейін жетті.

Ағайынды екеуі де ел құрметіне ие еді. Ұлағатты, өнегелі отбасылар болды. Екеуінің де балалары жоғары оқу орындарын, өздерінің тегіне біткен дарындылықпен, өз беттерімен оқып бітіріп, бірі дәрігер-хирург, бірі мұғалім, бірі ауыл шаруашылығының маманы болды. Немерелері де жақсы өсіп келеді. Жұбайлары Нағима батыр ана, Сақан сегіз бала өсірген көп балалы аналар.

Еліне елеулі, халқына қалаулы жандар еді. Екі бауырым Мұқарам мен Шәкәрім араларына жыл салмай, бірінен соң бірі кетті. Біздің тұқымға қазасы ауыр тиді. Алланың жазуына не шара! Жас кетті демейміз. Бірі – 80-де бірі – 78-де – арман жоқ... Балаларына өздерінің ақ жол, атақ-абыройын, өнегелі өмірін берсін деп тілеймін.

Қош, асылдың сынығы, тұлпардың тұяғы, бауырларым!

Мұқараммен балалық шағымыз бірге өтті. Ол соғыс аяқталған соң қарқаралыға училищеге оқуға аттанғанша осында бірге оқыдық, бала болсақ та, бірге жұмыс істедік.

1946-47 жылы Киров колхозында Мұқарам, Бөртебаев Сәйдолла үшеуіміз жетінші класты бірге оқыдық. Малдыбаев Кәрібай деген мектебіміздің директоры болды. Қазіргі Қоңырат совхозының орталығына жаяу-жалпылап кеп оқитынбыз. Одан бұрын соғыс жылдарында Буденный колхозында, бастауыш мектепте оқыдық. Бесінші класты Ақтоғайда оқыдық. Себебі біздің мектебіміз төрт жылдық бастауыш мектеп болды ғой. 1944-45 жылдары болатын. Ол кезде Қоңыратта жан-жақтан келіп жатып оқитын балалар үшін интернат бар, бірақ интернатта тамақ

пісірмейді. Жатын орын ғана береді. Тамақты қоржынымызға толтырып, үйден әкелеміз. Содан тамағымыз таусылғанша ғана оқу оқимыз, тамағымыз түгесілгенде топталып алып, ауылға тартамыз. Ауыл болса, болмаса 70 шақырым жерге. Ол кездің табиғаты туралы өңгімелер, қазір ертегі сияқты. Қыста керемет, аяқ аттам жер көзге көрінбейтіндей боран болатын. Ол кезде Мұқарамның үйлері Ақбұлақта болды. Көлік жоқ. Ешкім ешкімді білмейді. Әр таудың бөктерінде жатқан ел ғой. Жексенбай үлкен молда болған, Бұқарадан оқыған. Осы ауданда одан білімді адам болмаған десем де артық емес. Рамазанды да, Разақты да оқытқан. Соғыс уақытында пошта әкеп, таратады екен атпен жүріп. Қыстақта тұрса да. Екі бала сотталып кеткен. Келіні, кемпірі бар. Мен өлгенде «водоемның» тұсында Көкі деген Тобықтының байының қасына қойыңдар дейді. Көкі көшіп-қонып жүргенде сол жерде қайтыс болған екен. Саман кірпіштен қорған тұрғызған. Мына бейітті Көкінікі деп айтады. Елі Партсъезд жақтан. Айтқанын жасап, сол бейіттің жанына жерлейді.

Сол «водоемды» бала кезімізде тас тасып біз салдық қой. Көкінің басы қазір үлкен бейіт боп тұр...

1943-44 оқу жылында Ақтоғайда оқыдық. Ол кезде өскерге адам өкетіп жатады. Еңбек батальонына жібереді. Бір күні тамағымыз таусылмаса да, ауылға қарай тарттық. Содан жолдағы шошақ бейіт тұсына тақап қалғанбыз. Марқұм Мұстақаев Нұрғали, Құсайын Түсенов, Бояубаев Қапыш, Бөртебаев Сәйдолла бар, Мұқарам бар, сосын мен бар қайтып келе жатсақ. Жиенбек атты раисполкомның жауапты хатшысы болған бір қаталдау кісі алдымыздан шықты. Жетеуімізді көріп, Жиенбек «Қайдан жүрсіндер? Қайда барасыңдар?» деп сауалдың астына алсын. Өңгімемізге қанығып болған соң, «Қайтыңдар» дейді. Біз

болсақ, интернатта тамақ істемейтінін алға тартып, «өз тамағымыз бітті» деп, сылтауратып қайтып барамыз. Бір кезде кәне, сөмкелерінде бір парақ қағаз бар ма, аты-жөндерінді жазып алайын деді Жиенбек. Сөмкені ашып қалсақ, ішінде бір парақ та қағаз жоқ. Керісінше, бауырсақ, құрт-май шықты. Сонда бір ұялғаным бар. Жиекең жақсы адам еді. Ешқайсымызды сөкпеді. Қайыра түсіністік білдірді.

Ақыры сол күні Сәулеге кеп қондық жаяулатып. Пушкин колхозы жолда. Қатты қыс болатын. Қар қалың. Арамыздағы аяғы ұзын, қарулы балалар алға түсіп, қарды бұзып отырады. Соңынан ізімен біз жүреміз. Тура сол кезде бір 10-15 күн боран соққан болатын. Содан, елге көріне бермейік деп, Пушкин колхозының үстімен өтпейік деп, ауыл орналасқан тұстағы Жыланды тауының басына шықтық. Тыңды бұзып, қарды жарып, өзер шықтық. Содан тау басында шоқиып, елдің көзіне түсеміз ғой. Ауыл тұрғындары болса, бізден қорыққан - таудың басында соғыстан қашып жүрген қашқындар қаптап кетті деп. Сол түні Бас қора деген жерге келіп қондық. Шаршап өзер жетіп ек. 1942-43 жылдары. Арада екі қонып, ауылға өзер келдік...

1942 жылы колхозда Адамия атты ағамыз басқарма боп қызмет атқарды. Басқарма орынбасары Тәжімбек деген кісі болды. Төрт-бес бала Мөлек деген жерден отын әкелдік соның үйіне. Ол кезде өгіздерді соқаға жегіп, жер жыртып, егін салады. Көктемгі науқанға өгіздерді дайындау үшін склад басында өгіз семіртеді. Байжұман Жемтікбаев деген бір кісі өгіз бағады. Өгіздердің арасында осы Мұқарамның үйінің «Жексенбай қызыл» деген дәу өгізі бар, мүйіздері шаңырақтай, дәу қызыл өгіз еді жануар. Содан топты бала отыннан келіп, тамақ ішіп отырғанбыз. Екі өгізді арбаға байлай салдық. Сыртан біреу айғайлап: «Ойбай, дәу қызыл өгіз өлейін деп жатыр деді. Тысқа атып-атып шықсақ. Рас. Әлгі дәу өгіз жерде жатыр жатыр, тыпыр етпей. Не

істейміз?! Ол заманда өгіз дегеніңнің есебі трактормен бірдей ғой. Қолымызды кеудесіне саламыз, тыңдаймыз. Ақыры өгіз арам өледі деп, бауыздап алмақ болдық. Ол болса, аяғын көтеріп ап жатыр, тыпыр етпейді. Бір уақта Тәжімбектің әйелі Панария дәу пышақ әкеп берді. Бәріміз өгіздің үстіне шығып ап, басып жатырмыз. Біреуіміз алып өгізді алқымнан орып кеп жібердік. Әлгінде тыпыр етпей, өлейін деп жатқан өгіз орнынан атып тұрды. Өгізді басып тұрған бәріміз үстінен түсіп қалдық бырдай боп. Жануардың мойнынан қан шүмектеп жүр. Өзі өкіріп қояды. Баламыз 12-13 жастағы. Содан өзер қаумалап жүріп, ұстап әкелдік. Өщізі не шөп жемейді, не су ішпейді. Зәреміз жоқ. Құрыдық деп жүрміз. Ақыры, сол жылы аудандық «Қызыл Ту» газетіне үлкен боп үш колонкаға «Қызыл өгіздің хикаясы» деген фельетон шықты. Посевке жегетін өгізбен отын тасыған, одан өлгі жағдайға ұрынған біз туралы.

«Тәжімбекке отын тасып,
Қызыл өгіз жүрді жасып,
Есік алдына келе бере,
Құлап кетті омақасып.
Ойбай, аттан өгіз келді,
Бәрі келді.
Отыз атты, қырық жаяу
Қамап алып тұрды таяу
Құтылмасын білгеннен соң,
Өгіз тоқтап тұрды баяу...» деп келеді.

Бәрін келтіріп жазған. Сөйтсе, өлгі өгіз бағатын Байжұманға ауданнан уәкіл келіп, сұрақ қояды ғой. Байжұман тоқсан өгіз бағады. Уәкіл «көктемгі науқанға өгіздер дайын ба?» деп сұрайды ғой. Байжұман болса: «Бәрі дайын. Бір бауыздалған өгізіміз бар еді. Оның өзі жақсы

боп келе жатқан, бірақ, оны басқарма сойып жеді» депті. Содан әлгі сөзді тексере келе, болған жай анықталып, ақыр-аяғы әлгі фельетон шыққан болатын. Содан Адамия аға «Өндіріс» колхозына басқарма боп кетті. Кетуіне сол себеп болды. Сексенінші жылдары райпланда қызмет ететінмін. Адамияны кейін сонда көріп ем...

Жексенбай атамның емшілік қасиеті болды, жатқан шежіре еді ғой. «Шәкір-Шәкірат», «Зылықа-Жүсіп», «Еңлік-Кебекті», олардан өзге де көптеген ұзақ қиссалардың бәрін жатқа білетін. Мен сол соғыс кезінде оқу оқып жүргенде жазып алып едім торкөз дәптерге. Бір күні Ақтоғайда интернатта оқитын кезіміз. Қашқынбаев Төлеубек деген начальник болды. Бір күні бізді тексере келіп қалмасы бар ма. Содан менің дәптерімді: «кәне, не жазып отырсың?» деп қолына алмай ма. Әлгі жерде торкөз дәптердегі халық ақыны Нарманбеттің, өзге де «Халық жауларының» қиссаларын көріп. Мұндай қажеті жоқ заттарды неге жинайсың деп, біржола алып кетті. Оны сұрауға қорқатын заман ғой. Содан дәптерім жоқ. Бермей кетті.

Жексенбай атамның емші болған дедік қой. Өзі бір аяғын сылттып басатын, ақсақтау болған ғой. Бір көрші маңда тұратын бала атамның «ақсақ шал» деп, ылғи мазақтап ойнап жүреді екен. Күндердің күнінде сол бала ауырып қалады. Содан әлгі баланың өжесмі – бір бәйбіше келеді Жексенбайға. Жекең болса, дереу тартынай баланы емдеп жібереді. «Ақсақ шал» деп жүрген бала құлан-таза айығып қоя беріпті. Одан соң мазақтауын да доғарған екен.

1947 мектептің жеті класын бітірдік. Сол жылы Қарқаралыға училищеге кеткен оқуға.

Туғаннан біргеміз. Бірге оқу оқыдық. Жұмысқа түскенде ғана бірге болмадық.

Мұқарам оқуды өте жақсы оқыды, ұстамды, мінезі сламақты, жайдары адам еді. Бала кезінен беделді болған. Қайтқанда ел көп жиылды. Жақсылығынан ғой әрине.

Өзі саналы тірлігін ұстаздыққа арнай жүріп, бүкіл баласын оқытты. Әкесі молда болды деп отырмыз ғой. Сондықтан да тұрмыстары өзгелерден кем болған жоқ.

Ия, Мүкең ақкөңіл адам еді. Ештеңеге ренжімейтін. Ешкіммен жанжалдаспайтын. Ең жақынымыз еді. Ажал тұрмақ, сыртынан ғайбат айтуға қимайтын адам еді. Жатқан жері жайлы болғай...

* * *

Көненің көзі,
Жақсының өзі,
Көзкөргенім.
Дүние өзгерсе де, өзгермедің...

Сексеннен асқан жасым бар,
Көпті көрген басым бар.
Небір жақсы туыстан,
Айырылды қой асылдан.

Соның бірі Мұқарам Рамазан баласы
Туған жер, өткен өмір, жастық шақ,
Қушоқы мен Егізқойтас арасы.
Қайдауыл мен Шеруке Сарыарқаның даласы,
Мекендеген бұл жерді Тобықты, Табын баласы.
Солардан қазір кім қалды?
Тағдырға мынау қарашы!

Жалғыз қалдым үлкеннен,
Көрген түстей, сол өмірдің куәсі...
Рамазан, Разақ Жексенбайдан,
Мұқарам мен Шәкәрім Рамазаннан,
Туған олар екеу еді,
Екі аудан бас қосқанда,

«Рамазан сөйлесін» дер еді.
Сол кезде ол ауаткомның хатшысы,
Елдің болды басшысы.
«Халық жауы» атанып кете барды
Талай елдің басшысы да қосшысы.

Әкесі Жексенбай Бұқарадан оқыған,
Мұсылмандық дәстүрін көкейіне тоқыған.
Аулақ өзің ұстайтын,
Дінбұзар дүмше молда, сопыдан.

Көп білетін қазақтың мақал-мәтел, мысалдарын,
Айтатын дұрысын да, бұрысын да, осалдарын.
Мың бір түн, Шәкір-Шәкірат, батырлар мен,
Жатқа айтар Зылиқа-Жүсіп, пайғамбар қиссаларын.

Ұстаз болдың атаңның жолын қуып,
Баспадың басқа жолға дүние қуып.
Өлім түгіл жаман сөз айтуға қимас едік,
Қара жер тартып алды қойны суық.

Асық ойнап алыстық,
Тайға да, қойға да мініп, жарыстық.
Бүлдіргенге таласып,
Шекелесіп қалыстық.

Бірге үшқан балапан едік ұядағы,
Самғадың қыран құстай қиядағы.
Бір өзің бір ауылдай көрінуші ең,
Жырақта бөлек бізден тұрсаң-дағы.

Абырой, атақ-даңқын көтеріліп,
Болып ең аз Табынның тиянағы.

Қосағыңмен қас-қағымда кете бардың
Алланың бұл да берген сыйы-дағы.

Не көрмедік екеуміз:

Отыз екі, отыз жеті жылдарды көрдік,
Қанды қырғын соғысты көрдік,
Аш-жалаңаш жетімдікті көрдік,
Қап арқалап, су тасып, тезек тердік.
Өгіз басын жетектедік,
Айдай алмай безектедік.

Ауыл-ауылдың соқпағын көрдік,
Бригадирдің тоқпағын көрдік.
Бөріне де шыдай көндік.
Арша арқалап кезеңнен астық,
Ақбұлақ, бес бұлақтан су ішіп шөлді бастық.
Өскен жер, өткен өмір артта қалып,
Осылай өтіп кетті қайран жастық.

Аш болдық, тоқ болдық,
Бар болдық, жоқ болдық.
Болдың да, толдың да,
Бармын деп аспадың,
Жоқпын деп саспадың.
Жамандыққа баспадың,
Жақсылықтан қашпадың.

Аллаға жағып, азанды болдың,
Ағайынға жағып, қазанды болдың.
Халыққа жағып, әділ болдың,
Жердей төзімді болдың,
Судай таза болдың.

Алланың ақ жолына сенімді болдың,
Қиындықтың бөріне төзімді болдың.
Тағы дүние өзгерді,
Өзгергенді көз көрді.

Нарық заман тез келді,
Байлар қарық болды,
Кедейлер арық болды,
Ардагерден саудагер озды,
Ғалымнан залым озды,
Ар мен заңнан ақша озды,
Биліктегілер пара сұрап қолын созды.
Мұны да көрдің, көзкөргенім,
Барлығы өзгерсе де, өзгермедің.

Алладан бала сұрадың.
Оншақты бала өсіріп,
Бастарын оның кұрадың.
Арманың жоқ жалғанда,
Артында бар жалғастырар ізінді,
Балаларың – шырағың.
Жатқан жерің жайлы боп,
Жұмақта болсын тұрағың!

Қасымбек МЕДИЕВ,
Қазақстан Республикасының
Еңбек сіңірген қайраткері.

ЕЛДІҢ СӨЗІН СӨЙЛЕГЕН, ҚАМЫН ОЙЛАҒАН ЖАНДАР ЕДІ...

Адам баласы өз өмірінің алғаш бастаулары алыстап, алға қадам басқан сайын соңында қалған тірлік жолына, заман ағысына, өзге тұстастарының өзімен бірге өрілген ғұмыр сапарына қарайлап, жиі еске алады екен. Сол соңына қарайлаған сәттерде өткерген өміріңде өкініші аз, өміршен, жарқын күндер көп болса, адам ретінде үлкен өмір жолын өткізгендігіңнің белгісі болмақ. Ал, ғаламзаттың, адамзаттың кешегі-бүгінгі өткенін саралап отырған ғұламалар кез келген жұмыр басты пенденің мұндай адами биікке қол жеткізуі ел үшін, ұрпақ үшін еткен еңбегі арқылы болатынын ежелден айтып келеді. Шындығында, ел мен жер үшін атқарған еңбек, төккен тер есімі бас әріппен жазылатын Нағыз Адам үшін өмірдің өзі болмақ.

Күні кеше ғана бірге ғұмыр кешкен, ғайыптың жазуымен бақилық болған жақындарым, қатарластарым Мұқарам Рамазанұлы мен Нағима Әбдірбайқызы туралы естелік әңгіме жазар тұста осы ойлар келген болатын. Себебі, Мүкең де, Нағима да саналы ғұмырын ел үшін, ұрпақ тәрбиесі үшін, ауыл-аймақтың ырыс-ынтымағы үшін жұмсаған жандар еді.

Ел азаматы Мұқарам Рамазанұлын жастайынан білем, бірге өстік десем жалған болар. Ал, Мүкеңнің жан жары Нағима Әбдірбайқызымен жасымыздан бірге өстік. Бір сыныпта мектеп қабырғасынан түлеп ұштық.

Мүкеңмен таныстығымыз нақты қалай басталғаны ойымда жоқ. Бірақ, есейіп, елге қызмет еткен жылдары

жолымыз сан мәрте түйіскен. Бір жадымда қалғаны - Мүкеңнің мені іздеп, Жезқазғанға арнайы келгені. Мен негізінен Шет ауданының тумасы болғаныммен, мектеп бітіріп, жоғары оқу орнын тәмәмдаған соң, қызмет бабымен отыз жылдай өз туған ауылымда емес, көршілес аудан-облыстарда көп қызметте болдым. Сырт өңірде жұмыс істеп жүрген соң, елдегі тұтастармен етене араласуым сиректеу болды. Мүкең сонау Кеншоқыдан арнайы ат басын тіреп іздеп келген сапарында мен Жезқазғанда қызмет еттім. Әрине, жоғары лауазымды орында отырған соң, түрлі мінәйі себептермен іздеп келуші, қарақан басының, ағайын-туысының шаруасымен іздеп келушілер көп болады. Мүкең болса, мені елдің қамы, ауылдың, ұрпақтың шаруасы үшін іздеп келген-тұғын. Нақты жадымда жоқ: меніңше, сол тұста Кеншоқыдағы мектептің директоры болуы керек Мүкең. Сол мектептің жөндеу жұмыстарына ауданнан қаражат қарата алмаған соң, белді бекем буып, облысқа тартқан сыңайлы. Алыстан келген жақын адам «Не болса да, аламын!» деп, сеніп келеді ғой. Олай келген адамның шаруасын шешіп берсең, жарағаның. Мен сол шаруаны ауданға қаратпай, облыстық бюджет арқылы тиянақтап бердім. Кейін Мүкең сол Кеншоқы мектебінің ұжымының атынан ресми хат жазып, арнайы алғысын білдірген. Өз басының емес, елдің шаруасын ойлап, ауыл мектебін көркейтуге жұмыс істеген азаматтығына мен де разы едім. Ал, оған көмектесе алмасам, менің де азаматтығыма, жолдастығыма сын болар еді...

Мүкең осындай, елді ойлайтын, ұрпақ тәрбиесін бірінші орынға қоятын азамат еді. Мүкең ғана емес, ол кісінің жары Нағима да сондай адам еді. Біз Нағима бөріміз бір сыныпты бірге бітірдік. Ақсу-Аюлыда оқыдық. Он жыл бірге оқып, 10 «б» сыныбын бірге бітірдік. Мектептерде қалыптасқан

қағидат тәрізді ғой: жақсы оқитын балалар «а» сыныбында, үлгерімі төмендеу, тәртібі нашарлау, отбасылық жағдайы да елден ілгері емес балалар «б» сыныбында оқитыны. Менің құрдастарым біздің «б» сыныбында оқып жүріп, мектеп бітіргенімізді айтып, «Сендер нашар оқығансыңдар ғой. Әйтпесе, неге «б» сыныбында оқыдыңдар!» деп әзілдейтін. Бірақ, олай емес-тұғын. Сол жылы 10 «б» сыныбын тәмәмдап, орта білім туралы аттестат алған құрдастарымның барлығы дерлік ел алдында жүріп, қызмет еткен, түрлі лауазымды орындарда отырып, жақсы ісімен жұртқа жаққан азаматтар болды. Олар – белгілі ғалым, ҚарМУ-дың ректоры болған, академик Жамбыл Ақылбаев,

Ал, құрбы-құрдас, сыныптас қыздар арасында Нағима лидер болатын. Өте пысық, сабақты да жақсы оқитын, үлкен-кішімен тез тіл табыса білетін, тәртібі керемет қыз болды. Қыздар тұрмақ, ұлдардың өзін тәртіпке салып жіберетін.

Жоғарыда жаздық қой, мен көршілес аймақтарда қызметте көп болдым деп. Әрине, ел біреу, жер ортақ, шетелде жүрген жоқпыз. Бір қазақ, бір елге еңбек еттік қой. Сонда да, өзім туған Шет ауданына мен араға отыз жылдай уақыт сап, оралдым. Шет ауданының басшысы ретінде. Ол тұста Кеншоқы совхозы көршілес Ақтоғай ауданына қарасты болатын. Шет ауданының басшысы ретінде жаңа қызметке орналасқаным бір апта-он күн мұғдарында ғана уақыт өткен. Бір күні жұмыс орнымда – кеңседе отырсам, кабинет есігі сыртынан кіреберістегі хатшы қыз баланың тоқтатқанына қарамай, дауласып, біреу кіріп келе жатқанын аңдадым. Сөйтсем, өзімнің сыныптас құрдасым Нағима! Жарқын амандасып, жайғасып отырып, дереу келген шаруасын жеткізді. Әлі есімнен кетпейді.

- Қасымбек, сен елдің алдында көптеген қызмет атқарған азаматсың. Осы орынға келіп, туған жеріңе де

үлкен еңбек ететіңіз сенеміз. Сен енді, Кеншоқы ауылына қатысты бір мәселені шешуің керек. Оны сен жүзеге асырмасаң, ешкім де жасай алмайды. Бұған дейін де талай өңгіме болып, шешімін таба алмай келе жатқан мәселе бар. Мен Кеншоқы ауылының атынан сол мәселені саған жеткізіп, шешіп беруіңді сұрап келіп тұрмын. Қазір шешіп бересің!, - деді.

- Е, ол не шаруа?! – дедім таңырқап.

- Облыс орталығы Жезқазғаннан өте шалғай орналасқан ауданда тұрамыз. Шет ауданы да шалғай, Шеттен гөрі Ақтоғай ауданы шалғай. Біздің Кеншоқы 30 шақырым іргеде тұрған Шет ауданына емес, 90 шақырым алыста жатқан Ақтоғай ауданына қарайды. Шыны керек, аудан орталығына бару үшін орталыққа қарай емес, керісінше, артымыздан кері қарай жүреміз. Облыс орталығына жақындағанның орнына неге теріс қарай жүреміз?! Ақтоғай ауданына еш өкпеміз жоқ. Бірақ, біздің ауыл облысқа жақын, ауылға да жақын Шет ауданына қарауы керек! Сен осыны шеш! – деді.

Мен ойланып қалдым. Ойланбағанда қайтем! Кеңестік үкіметтің күші қайтпаған кез. Барлық шаруа орталық арқылы ғана шешілетін. Оның үстіне көршілес Ақтоғай ауданының әкімі Рымбек Жүнісов те қызметке менімен бірге, енді ғана тағайындалған. Ойлана отырып, Нағиманың шаруасы дұрыс шаруа екеніне көзім жетті, өрі оның Орталық Комитеттің Қаулысынсыз шешілетін жолы барын да білетінмін. Нағиманың көзінше, Рымбек Жүнісовке қоңырау шалдым. Бірден шаруамды айттым. «Сен маған Кеншоқы совхозын бер» дедім. Ерте бастан араласып жүрген азамат қой, ашық-жарқын сөйлесе береміз.

- Қаске, оңай шаруа емес екен! Елге не айтам: келе салып ауданды таратып жатыр дейді ғой. Бір қыстақ емес, тұтас

совхозды сұрап отырсыз, - деді, - оның үстіне Қаулыны қалай шығартамыз?!

Мен болсам, «Саспа! Оның жолы бар. Егер екі аудан басшылығы өзара келісімге келсе, жергілікті тұрғындар қарсылық танытпаса, керісінше ынта білдірсе, жоғары жаққа қаулы-қарар шығартпай-ақ, өз арамызда шеше беруге болады!» дедім. Содан, ақылдаса отырып, Кеншоқы совхозын Шет ауданына қараттық.

Міне, Нағима осындай азамат болатын. Бір ауыз сөзімен бір ауылдың болашағын анықтап берген еді...

Тарихта бір рулы елдің анасы болған, есімі ұранға айналған аналарымыз бар ғой. Нағима солардың сарқытындай еді. Мүкең екеуімен қызметте болсын, ағайын-туыс, ауыл-аймақтың қызық-қуанышы болсын, жақын араласып тұрдық. Жора-жолдас болдық. Өте үлгілі, салауатты, үлкен отбасы болды. Әлеуетті әулет болды. Ұрпақтары да өздеріне тартқан жақсы азаматтар болуы керек деп ойлаймын...

**Кәмел ЖҮНІСТЕГІ,
Жазушы, Қазақстан Республикасының
мәдениет қайраткері**

СЫЙЛАСТАРЫМ, ҚИМАСТАРЫМ...

Нағима біздің класқа алтыншы оқып жүргенде келген. Көзі тұңғық қарасудай терең, қабағы сәл қатулы, бидай енді қыз бала біраз уақытқа дейін аса ашыла қоймады. Мінезі де сәл шөлкестеу көрінді. Алып-жұлып жүретін балалық шақ. Дәрімбек сияқты кімге де болса жұғыса салатын біздің кластың «геройлары» Нағиманың сол салқын қабағынан ба, оған аса маңайлай алмаған. «Қалай оқиды екен мына қыз» деген сауал да көңілімізде.» Мен айтайын» деп, қолын да көтере қоймайды. Дегенмен де, онсыз да мұғалімнің сұрағына жауап беретін күні келді. Жауабы жинақы, нақпа-нақ, дауысы да өзінің біліміне сенетін оқушының үні. Беті ашылып жүре берді. Ол еш уақта да «мен айтайыншы» деп жұлқына қоймайтын, бірақ, сол сұрақтың жауабын оның білетініне күмәніміз болған емес. Химия пәнінен беретін Зейденова Сәлия мұғалім аса білгір де, сабақты аса шебер ұйымдастыратын, бірақ қатал да ұстаз еді. Тақырыпты миыңа жазып береді десе болғандай еді. Неге екенін қайдам, әсіресе, қыз балаларға қаталдау қарайтын. Бірақ, ол кісінің Нағимаға ренжігенін көрген емен. Жоғарғы класқа келгенде, «оқысаң, оқы, өйтпесе...» деп қалатын Сәлия мұғалім Нағиманың қап-қара тоқпақтай шашын сипап тұратын.

Бізде орыс тілінің сабақ ретінде жүруі жоқтың қасы еді. Мәселе сол сабақты жүргізетін маманның болмауында-тын. Тоғызыншы класта оқу жылының ортасына таман осы пәннің мұғалімі келді. Өзін «Валентина Владимировна» деп таныстырған. Бізге тым жас көрінді.

Айтуынша, бір жылдық, не екі жылдықты төмөмдаған екен. Соғыстан кейінгі жылдары оқуы үзіліп барып, қайта жалғастырған біздің кластың кей баласының жасы өзімізден екі-үш, кейісі төрт жасқа дейін үлкен-тін. Валентина мұғаліміміз солармен достасып кетті.

- Әй, мынаның түрі... Мұғалім боп жарытпас. Пішту, - деді біздің Нағима, - Осыдан оқып не оңамыз.

- Білгенін біз біліп қалайық, басқаны қайдан табамыз, - деп оқуға аса ынталы Жамбыл тоқтау айтқандай еді.

- Өзі анаған, - деп, Нағима интернатта жататын Бүркітті көрсетіп күлді, - жыл аяғына дейін тиіп алып жүрмесе. Келінді болмайық.

Қыран жапқандай күлдік. Біреулеріміз бала көтергенсіп, уатқансып, әй да, мәзбіз.

- Тап осының сайқымазақ сабағына бармаймын. Осының түсіндіргенін біреуің маған айтарсың, деп, кесіп тастаған Нағима орыс тіліне жүзін көрсеткен жоқ. Анда-санда жауап беру үшін келеді де, журналға бағасын қойдырып алып, тайып тұрады.

Бала болған соң алыс-жұлыссыз бола ма, біздің кластың оқушылары да у-дудың ішінде болатын. Бірақ, Нағимаға ешкім аса қатты қол тигізе қоймайтын. Есесіне талай ер бала Нағиманың жұдырығын жеп тынатын. Еркелеу өскен қызымыздың біреуге әлі келмей бара жатса, оның қарсыласын байқамаған болып, шалып жығып кететініміз және бар.

- Әй, Әбдірбаева, - дейтін кейіген класс жетекшіміз Н.Лиясова, - Сен осы ер балалармен алысуды қашан қоясың? Бір күні...

«Бір күнінің» ар жағын айта алмай класс жетекшіміз тұтығады. «Төсіңе қолдары тиіп кетсе» деген жанашырлық жататынын бөріміз де түсінеміз.

- Біз емес өзі, Өзі бізге тиіседі, - дейді Болат.

- Сояды, - деп ақталады кіші Жамбыл.

- Сен екеуің, - деп, Нұрлығайын мұғалім Жамбыл екеуімізге түйіле қарайды.

Мен староста, Жамбыл алыс-жұлысқа аса қатынаспайды. Сыпайы күлімсіреп, теріс айналады.

Қайран, тату-тәтті сол күндер. Бір ұяның балапанындай шұрқырасқан қайтып келмес шақ. Туған бауырдан ыстық едік бір-бірімізге. Нағиманың осып сөйлейтін сөзінде үлкен жанашырлық жататын. Бәріміз де үйлендік, жеке-жеке шаңырақ көтердік. Әлдебір жігітіміздің әйеліне көңілі толмағанда:

- Алған қатынының түрін қарашы. Ең болмаса, осы кластың бір қызын алмай ма? – деп те тастайтыны бар еді.

Белес-белес өмірдің қиыншылығы да жетерлік. Саяси көзқарасым, ұлтымды сүйгенім үшін орыстың орманында ағаш кесіп, жазамды тартып келгенде, Нағима көшеде ұшырасты.

- Әй, Кәмел, - деп, жүгіріп келеді екен. Құшақтаған қалпы демін баса алмай, - Ештеңе етпейді. Нәліма. Жұрт айтпайтын ащы сөзді сен айттың. Ер жігіттің ісі ғой істегенің, - деген еді.

Ия, сол бір күндерде кейбір жолдастар менімен амандасуға да жарамаған еді. Ал, біздің ерке қызымыз осындай еді...

Нағиманың жолдасы Мұкарамды біз:

- Біздің кластың күйеу баласы, - дейтінбіз. Ол да, қалжыңымызға орай,

- Әу, балдыздар, - дейтін.

Біз мектеп бітіргеніміздің он жылдығын, жиырма, қырық, елу жылдығын өте тамаша атап өтіп жүрдік. Сол мерейтойларымыздың Мүкең құрметті қонағы болатын. Мүкең жайдары да, аңқаулау да адам-тын. Орыс мектебінде ұзақ жылдар оқу-тәрбие ісін басқаруыма тура келді.

Аудандық оқу бөлімі мектептерге инспекторлық жұмысқа жиі жегетін. Қақаған қыстың ортасында Кеншоқы мектебіне де бардық. Мектеп басшысы Мүкең. Жатар жайымыз да, ішер асымыз да сол ауыл азаматтарының мойнында. Бір кеште мен алақанға қарап, бал ашатын «кереметім» бар деп сендірдім. Лагерьде жүргенде бір грузин досымнан алақан жайлы естігенім бар еді.

- Ендеше, көне, маған бал ашшы, - деді Мүкең.

Біраз айтқан болдым.

- Иә, иә, - дейді «жездеміз».

- Ендігісін айтсам, Нағимадан таяқ.., - дей беріп едім,

- Не дейді. Сен әдейі бүлдірейін деп отырсың, - деп, Мүкең қолын тартып алып, бізді күлкіге қарық қылғаны бар-тын.

Мүкең бірге жұмыс істеген ұстаздарды да аялап, қорғаштайтын еді. Сол жылы тарих пәнінің өту барысын, қаншалықты талапқа сай екенін тексеру маған тапсырылған-ын. Жасы ұлғайып қалған оқытушының сабақ беру деңгейі көңілімнен шықпады. Өзер шыдап отырдым. Өзіне айтқаным, ақсақал-ау, қазақтың баласын неміс, орыс балаларынан кем қылмасаңызшы. Олар білген білімнен қазақ баласы кем тұрмасын да. Ұлтты қор қылмайық та деген сөз. Осыған ғана тоқтап өттім. Сол туралы сол сәтте бір өлең жаздым. Мүкең сол ұстазға ара түсіп бақты. Мүкеңнен мен де асып кетпедім. Бірақ, сол өлең биыл шыққан «Арманым оттан өрілген» деген кітабыма енді. Біз қашан да қазақ заманнан кеш қалмаса екен деп тіледік қой.

Мүкеңнің інісі Рамазанұлы Шәкен де жайсаң адам еді. Совхозда ұзақ жылдар мал маманы болып жұмыс істеді. Ол жағын бірге еңбек еткендер айта жатар, өзіме қатыстысын тілге тиек етейін. Сонау Егізқойтаста биік тастың басына қашап салынған дойбының тасы барын

айтқан едім бірде. Соны көруге ынта білдірді. Сол тұста Астана теледидарының журналисі Төлеутай Дәмиев те келе қалып, алып баруымды өтінген. Шөкенмен сапарлас болдық. Егізқойтастағы дойбытасты әр қырынан түсіріп, телехабар жасаттық. Шөкен бұған дән риза болды. Шөкеннің айтуымен Қызылтастың бір қуысындағы қыстаққа барған едік. Қыстақ иесі Ермековтер екен. Ауыл иесі ақсақал үйінің алдына ракета сынықтарын, әлдебір аппақ металлдан жасалған шарды жинап қойыпты. Шарды екіге бөліп, екі қазан жасап алмақшы екен.

- Ақсақал, бұл – у. Бұл – радиация, - деп шыр-пыр болып, тілім жеткенше түсіндіріп жатырмын.

Мынадай жағдайды көрген Төлеутай Дәмиев жедел камерасын бұрып, бәрін жазып алып жатыр. Жаны ашымайтынның жанында басың ауырмасын дегендей, осы сорақы жағдай туралы Астанадан хабар жүргізілді. Ракеталар өлі де сол маңға құлап жатыр. Соның зиянынан өлген малда есеп жоқ, ауру болған азаматтар туралы әлі ешкімнің басы ауырған да жоқ. Осы бір жолғы сапарға Шөкен мұрындық болған еді.

Кейінде Шөкен осы сапарды жиі еске алып, басын шайқап,

- Сен көрмесең, сол маңдағы жұрт не болар еді, - дей беретін.

Иә, бүгінде класымыздың ерке қызы да, күйеу бала Мүкен де, жайсаң Шөкен де бұл жалғаннан озған. Жатқан жерлері жайлы болсын. Өмір қысқа ғой. Әркім артынан бір түзу із қалуын ойласын...

**Мәуен ХАМЗИН,
филология ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері**

**ЖАНЫ ЖОМАРТ, МІНЕЗІ ЖАЙСАҢ ЖАН ЕДІ...
НЕМЕСЕ МҰҚАРАМ МҰҒАЛІМ ЖАЙЛЫ ШАҒЫН
ЕСТЕЛІК**

Өмірде өзің куә болған, бетпе-бет келген оқиға, құбылыстардың бәрі де уақыт өте келе, әсіресе, егде тартқан шағында шағын-шағын естеліктерге айналады екен. Жалпы, адам баласы өткен өміріне үңіліп, есінде қалған жайттарды санасында жаңғыртуға жасы елуден асып, алпысты алқымдаған шақта ұмтылады екен. Осынау шағын еңбектің атына да «Мұқарам мұғалім жайлы шағын естелік» деп айдар тағыппыз. Бұл жерде мұғалім туралы, оның қоғамда алатын орны жайлы ұзақ-сонар баяндауға бармай-ақ қойғанымыз жөн шығар, алайда бір ақиқат бар: ол – кешегі, яғни, біздің шәкірт кезіміздегі мұғалім мен қазіргі уақыттағы мұғалімнің арасындағы жер мен көктей айырмашылық. Кешегілер нағыз мұғалім еді, бүгінгілер олардың жанында жіп есе алмайды деген ойдан аулақпын, бірақ та мұғалім беделінің дәл қазіргі таңда көп төмендеп кеткенін мойындау қажет, оның себептері көп, бөрінің басын ашып, талдау, баға беру біздің міндетімізге жата қоймас.

XX ғасырдың қырқыншы жылдарының соңында және оның алды-артында дүниеге келген қазіргі кеншоқылық азаматтар - сол кездегі Сталин атындағы колхозда (ұжымшар) туғандар. 1949 жылы туған мен сияқтылар колхоз мектебіне 1956 жылы бірінші класқа (қазір осы сөзді сынып деп жүр) бардық. Уақыт өте келе, мектеп ұлғайып, жеті жылдық оқу орнына айналды, ал, кейіннен, өзіміз университет бітіріп, сол мектепке мұғалім боп барған жетпісінші жылдардың басында орта мектеп болып, өрісін кеңейтті.

Қазір аға буын өкілдері: «Шіркін, біз оқыған кезде мұғалім ерекше тұлға боп саналатын. Қысты күні көшеде мұғалімдерімізді көрсек, бас киімімізді алып, сәлемдесетінбіз» деп отырады. Бәрі рас, ең басты мәселе - сол уақыт аясындағы балалар оқымасаң, надан боп қаласың, бір үзім нанға зар боласың деген ақылды ой-санасына мықтап сіңірген еді.

Бірінші класта сауатымызды ашқан, жалпы, бастауыш кластарда сабақ берген мұғалімдерден есімде Көкен Дүйсенбеков, Сәбира Мақажанова қалыпты. Ал, жеті жылдық мектептің жоғарғы кластарында математика, физикадан Жолдыбек аға Күлейменов, қазақ тілі мен әдебиетінен Сәулебек аға Жүнісов, химия, биологиядан Мекенбай Аманбеков, тарихтан Мұқарам аға Жексенбаев т.б. сабақ берді. Аздаған уақыт Әшім аға сабақ жүргізді. Осы аталғандардың көбінен жасы үлкен Қапыш аға Бояубаев, негізінен, бастауыштың мұғалімі болды да, бізге сабақ берген жоқ.

Кеншоқыдағы сол кездегі жетіжылдық мектепте сабақ берген Көкен, Мұқарам, Мекенбай мұғалімдермен мен 1973 жылы жоғарғы оқу орнын бітіріп келген соң, бірге мұғалімдік қызмет атқардым. Ақсу-Аюлыдағы Ы. Алтынсарин атындағы орта мектепті 1966 жылы бітірдім. Ауылдағы жетіжылдық мектепті 1964 жылы үздік тәмәмдадым. Сірә, балғын балалық шақта білім бергеннен шығар, сол мектептің мұғалімдерін осы уақытқа дейін ілтипатпен еске алып отырам. Олар өз пәнін жетік білетін шынайы ҰСТАЗДАР еді. Мен небары 7 жасымда «ақын Хамаң», «хакім Хамаң», «даңғыл Хамаң» деген атқа ие болған әкем Хамзадан айрылдым. Сондықтан да, әке тәрбиесін көрмегендік пе, ер мұғалімдерге сын көзімен қараушы едік. Оларға рахметімді айтып, Алладан әулеті, отбасы, ұрпақтарына бақыт тілеп отырамын. Сол ұстаздарым мақтауға лайық жандар еді. Сәулебек ағам менің

болашақ мамандығыма жол сілтеді. Гуманитарлық пәндерге бейім мен сияқтылар үшін математика мен физиканың қырсырын үйреткен Жолдыбек ағама қарыздармыз. Химия, биологиядан сабақ жүргізіп, ашуланғанда «...через КарГРЭС - кую трубу» дейтін Мекенбай ағама алғысым шексіз. Тарихтан, дене шынықтырудан сабақ берген Мұқарам ағама рахметім мол.

Мүкең - Мұқарам мұғалім өмір-бақи мұғалімдік қызметте болды. Басқа бір қызмет атқарыпты дегенді естімеспін. Өзі зейнеткерлікке шыққанша мұғалім атағын иеленді, Кеншоқы мектебінде қатардағы мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі, директор болды. Бөлімше, кейіннен совхоз (кеңшар) болған Кеншоқыда партком мүшесі болуы, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысуы - бәрі де саяси білім деңгейінің биіктігінен болса керек. Тарихшы Мүкең сабақ барысында нақтылықты сүйетін, жалпылама сөздерді суқаны сүймейтін. Есейе келе, білдік, ол кісінің әкесі Шет ауданында лауазымды қызмет атқарыпты, отызыншы жылдардың ойранында тоталитарлық тәртіптің құрбаны болып, «халық жауы» атанып, мерт болған екен. Жазықсыз талай жанның обалына қалған сол қандыбалақ жүйенің зардабы туралы Мүкеңнің көсіле өңгімелегенін естіген емеспін, сірә, заман қандай, заң қандай деген қауіп болса керек. Тоталитарлық тәртіпті, бір ғана XX ғасырда аштық, соғыс, тәркілеу сияқты нәубетті қолдан ұйымдастырған өктем де озбыр жүйені Мүкеңнің сынап, мінегеніне куә болған жоқпын. Санасына партияның даналығы, кемеңгерлігі сіңген өз замандастары сияқты, ол кісі де өз дәуірінің перзенті болатын. Жеке басқа табынудың қандай құрбандықтарға әкелгенін өшкерелеген де партияның елуінші жылдардағы съезі еді ғой, сондықтан ол кісі де болашаққа үлкен үмітпен қарап, мықты сенімде болды-ау деп ойлаймын. Қазір бәріміз мансұқтап жатқан орыстық-большевиктік-коммунистік жүйені ол кісі неге жамандап,

лағынет айтпады деу қисынсыз, себебі, қалай болғанда да, ол - біздің өткен тарихымыз, шерлі шежіреміз. Тарихтың ақ-қарасын айқындап, баға берген жөн, алайда ол жүйеге топырақ шашып, іске алғысыз ету білімділікке жата қоймас. Мен сол трагедияға толы Уақытты ақтағалы отырған жоқпын, тек сөз реті келген соң ғана тілге тиек еттім.

Жақсы ұстаз болады, алайда мінезі, адами қасиеттері кемшін түсіп жатады. Керісінше, адами болмысы таза, есесіне ұстаздығы ақсап жататын жандар болады. Мүкең өз замандастары сияқты, сол уақыттағы мұғалім беделіне дақ түсірмей, жауапкершілікті терең сезінген ұстаз еді дегенді баса айтқым келеді. Жекелеген кемшілігі болған шығар, бірақ та тұтастай алғанда, біреуге ор қазып, зұлымдық ұйымдастырған, қиянат көрсеткен адам еді дегенді жалғыз мен ғана емес, замандастары да, аға-інілері де айта алмас...

Ол кісі аздаған аңқау, аңғал болатын. Жұртты ду күлдіретін мінезі де бар еді. Бір жайт есімде қалыпты. 7-8 кластарда оқып жүргенімізде, дене шынықтыру пәнінен Мүкең сабақ берді. Ол кезде ескі мектепте оқимыз, осы кездегідей заманауи спорт залы жоқ, сабақ, негізінен, күн жылы уақытта далада өтеді. Мүкең бөрімізді далаға алып шығып, сапқа тұрғызады. Әскери тәртіппен «первый, второй, рассчитайся» деп, команда береді. Сонда кластағы оннан астам бала екі топқа бөлініп шыға келеді. Ол кісінің нұсқауымен екі бала мойнындағы пионер галстуктарын алып, екі жақтағы электр жүйесінің бағанына (ол кезде дизельмен электр тоғын беру енді-енді ене бастаған, аласа бағандар орнатылып, сым тарту қолға алына бастаған-ды) апарып, қол жетер жерге іледі. Екі топтың мүшелері тез қимылдап, галстукты (қарсы беттегі) іліп ап, өз бағанына жеткізсе, сол топтың жеңгені. Ойынның аты - «Қызыл ту». Ылғи ойнайтынымыз «Қызыл ту» болғандықтан, кластағы Күлтай Жарқынбекова деген оқушы қызымыз бір күні: «Мұғалім, ылғи «Қызыл ту» ойнай береміз

бе? Басқа ойын құрып қалды ма?» деп еді, мұғаліміміз: «Әй, Жарқынбекова, сен физкультураны жартылай военный сабақ екенін білесің бе? Ал, ертең соғыс болса, не істейсің? Менің соғысқым келмейді, жалықтым дейсің бе? Онда сендей адаммен командир сөйлесіп те жатпайды, нағанын алады да, сендей адамды «пырс» дегізіп, атады да тастайды» дейді. Қыран-топан күлеміз. Күлтайдың еркіндеу сөйлеп тұрғаны да Мүкеннің қатал болмауынан еді. Ол кісі жақсы оқушыларды елжірей жақсы көруші еді...

Біз, жұбайым Әлия екеуіміз 1973 жылы Қарағанды Мемлекеттік университетін бітіріп, туған жерім - Кеншоқыдағы мектепке келдік. Ол тұста Кеншоқы совхозы жаңадан ашылған Ағадыр ауданына қарайды. Мектепте біз сияқты филолог мұғалімдер көп болғандықтан, орналасу қиынға соқты. Аудандық оқу бөлімінен мектепке телефон соғып, «Жас маман Әлия Қасымованы орналастырыңыздар, өз мамандығынан сағат болмаса, бастауыш класқа сабақ берсін» дейді ғой. Іле-шала оқу бөлімінің бұйрығын алып, Әлия да мектеп директоры Мүкенге барады ғой. «Апырмай, осы Жамбыл қызық адам (Ж. Қаленов - Ағадыр аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі), кеше ғана бір адамды орналастыр деп телефон соғып еді, ол адам біздің ауылдың жігіті Мәуен Хамзиннің келіншегі екен, жарайды, оны бірдеңе қып орналастырайын, ал, Мәуенді қайда жіберем? Басым қатып отырса, енді сені де жіберіпті, ойбай-ау, жоқ сағатты мен жерден қазам ба?» депті Әлияға. Ал, Әлия болса, «ағай, мен сол Мәуеннің келіншегімін» десе, Мүкен «Не дейсің, ойбай-ау, Жамбылдың әрі звондап, әрі бұйрық беріп жүрген адамы мен сен екеуің бір-ақ адамсың ба?» дейтін көрінеді...

Мүкарам мұғалім өзгеге қызғанышпен қарайтын адамдардың қатарына жатпайтын. Мектепте сағат болмағандықтан, мен математикадан төменгі кластарға сабақ беруден еңбек жолымды бастадым. Уақыт өте келе, Мүкен

мені өзіне әскери-патриоттық тәрбие жөніндегі (әскери жетекші; военрук деп айту ол кезде әдетке айналған-ды) орынбасар етіп алды, бірер жылдан соң кластан және мектептен тыс жұмыстардың ұйымдастырушысы (директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары) етіп тағайындады. Жетпісінші жылдардың ортасында КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы ЖАК төрағасының күндізгі және сырттай аспирантураға өндірісте істеген адамдарды қабылдау керек деген нұсқауы «Известия» газетінде жарияланып, мен ҚазПИ-ге, аспирантураға құжаттарымды жібердім. Күзде емтихандарды тапсырып, сырттай оқитын аспирант боп, елге оралдым. Сонда үнемі, әсіресе, күзде қарбалас шаруасы бастан асып жататын мектеп жұмысынан босатпай, сіресіп отырып алуына да болатын еді Мүкеңнің, бірақ, ол кісі өйткен жоқ, ақ тілеуін айтып, ақ жол тіледі. Мен оралғанда айрықша қуанғандардың да бірі сол ұстазым болатын. Өмірде өзгеден көрген жақсылық, шарапатты тек төмен, аласа адам ғана ұмытады. Егер дәл сол жолы Мүкең бар жауапкершілікті өз мойнына алып, жұмыс уақытында тура бір айға мені Алматыға жібермесе, бәлкім, менің тағдырым да басқаша қалыптасар ма еді, қайтер еді деп ойлаймын қазір.

Кеншоқыдағы орта мектепте дәл сол жылдары жалындаған жастар мұғалім боп істеді. Хамит-Сәтжан, Тезекбай-Бақыт, Аманкелді-Зәуреш т.б. Совхоз клубында концерт, спектакльдер қоямыз, сөйтіп, ауыл мәдениетінің өсуіне біршама үлес қостық. Мен тәрбие ісіне жауапты болғандықтан, ауданнан келген бұйрық тым кеш түссе де, Ұлы Жеңістің 30 жылдығына арналған аудандық көркемөнерпаздар байқауына оқушыларды небары бір-ақ күн дайындап (ол кезде мектепте музыка пәнінің мұғалімі жоқ) апарып, жүлделі оралғанымда, Мүкең қатты риза болған-ды. Ол кісі біреуді көзіне мақтамайтын, кейіннен басқа мұғалімдерден естідім, маған айрықша алғыс айтып, «түбі,

осы Мәуеннен бірдеңе шығады» депті. Есейе келе, осы жасымызға дейін талай мадақ, марапатты естіп те, көріп те келеміз, соның бөрінен жас кезіңде, албырт шағында естіген мадақтауың ерекше есте қалады екен.

Мүкеңнің мінезіндегі талай қызықты жайттарды жоғарыда айттым. Бірде ағайындарына серік боп, бір құдальққа барады ғой. Қазақы ортада өзіл-қалжың, құдаша, балдызбен ойнау ертеден бар. Көңілді дастархан басында бір құрдасы: «Мүке, мына құдашаны көрдіңіз бе, сізден көзін алмайды. Мұндайда құдашаның бетінен сүю керек, тақалсаңызшы» десе, Мүкең: «Алып кел бері, сүйсейін» дейтін көрінеді қарқ-қарқ күліп. Ол кісі тап-таза қазақы болмысты бойына сіңірген, мол пішілген, ұтымды өзіл-оспақпен балдыздарына, жиен, нағашыларына, құрдастарына қатты қалжың сөздер айтып жүретін, онысы өзіне жарасатын. Біздің Қабаш ағамызбен қатты өзілдесетін. Бірде демалыстан ба, білім көтеру курсынан ба, өтіп келе жатқан Мүкең Қарағандыдағы Тұрсын ағамыздың үйіне соғып, суға түсіп алмақшы болған ғой. Байқамай ыстық суды көбірек ағызып жіберсе керек, денесінің біраз жерін күйдіріп алыпты. Сонда құрдасы Қабекеңнің: «Алаңдамандар, Мүкеңнің ұлы денесі аман көрінеді» дегені елді күлкіге қарқ қылғаны бар. Мектептегі Қапыш мұғалім мен Мүкең - ағайын адамдар. Қабекең үшқыр, тіліне оралған сөзді ірікпей айтатын бетті адам еді. Ол кісі Мүкеңе әлденеге ашуланып, өткір сөздерді айтып тастағанда, Мұкарам мұғалім түк болмағандай жүре беретінін көріп, таңқалатынбыз. Ал, Нағима апай да аздап дауыс көтеріп, Мүкеңе үйде қал, қонаққа мен барамын десе, ол кісі: «Күлкім ке-ле-ді» дейді екен. Өзі сыйласқан адамдармен Мүкеңнің достық қарым-қатынасы бақай есеп, жымысқы саясаттан тыс тұратын. Мінезі орнықты, біреуге кек сақтау, өш алу дегендерден бойын аулақ салатын.

Жетпісінші жылдардың соңында Кеншоқы Ақтоғай ауданына қарайтын болды. Мүкең директорлығын берді.

Басқа адам мектеп басшысы болды. Сонда пендешілікке барып, ұсақтық көрсеткенін байқаған емеспіз. Шамасы келгенінше, жаңа директорға жәрдемдесті. Енді менің шаруам жоқ демеді. Сол мектептің отымен кіріп, күлімен шықты десек те болады. Ол кісі сыйлас адамдарымен дастархандас болып, емен-жарқын отырғанды ұнатушы еді. Сірә, «Қонып бір өтер сай үшін // Арам өлер тай үшін // Бет жыртысып не керек?» (Бұқар жырау) қағидасын болмысына терең сіңіргендігінен шығар деп ойлаймын...

1982 жылы мен отбасыммен Жезқазған пединститутына ауыстым. Көшетін кезде мектеп мұғалімдерін үйге дәмге шақырып, үлкендердің батасын алдық. Сонда Мұқарам мұғалімнің: «Мәуен айналайын, саған мұғалім болдық. Қаншалықты дәрежеде мықты білім бере алғанымызды қайдам, сен оқу бітірдің, ауылға екеу болып оралдың. Алғаш келгенінде өз мамандығың бойынша педжүктеме тауып бере алмадым. Менің директорлық тәжірибемде сен - жоғарғы оқу орнына ауыспақ болған, ғылыммен айналыспақшы болған бірінші адамсың. Жете араласпасам да, Хамаң өкеңді ірі адам, ескі қисса-дастандарды жатқа айтатын жан деп естуші ем. Сол өкеңнің, ата бабаларыңның аруағы қолдасын! Қасиетті қара Нұраның перзентісің, әлі-ақ талай жетістіктерге жетесің. Көш көлікті болсын!» деп, шын ықыласымен батасын беріп еді.

Жезқазғанға (онда облыс орталығы болатын) әлде бір іссапармен келіп жүргенінде, үйге шақырып, қонақ қылып жүрдік. Сонда балалардың бетінен сүйіп, Әлияға айрықша мейірленуші еді. «Мәуен, сен ренжіме, бірақ, мен Әлияны жақсы көремін» дегені есімізде қалыпты.

Қазақта «екі жақсы қосылмас» деген үстірттеу айтылған сөз бар. Нағима апай Мүкеңе сай, ерінің қас-қабағына қарап отыратын, асып-тасуды білмейтін, қарапайым, тиімді өзіл сөзімен, зілсіз қалжыңымен жұртты күлдіріп отыратын,

өпенділеу жан еді. Мен Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде арнайы конкурстан өтіп, екі жыл профессорлық қызмет атқардым. Үй мәселесі шешілмеген соң, Қарағандыға қайтып, «Болашақ» университетінде Жамбыл аға Ақылбаев, Нұрлан бауырым Дулатбековпен бірге қызмет істедім. Жәкең заманынан озық туған ірі тұлға еді, 2007 жылы қарашада бақилық боп кетті. Сол Жәкең, Жолдыбек аға, Кәсембек аға, т.б. Нағима апаймен бірге оқыған. Кәскеңнің жұбайы да, Жәкеңнің үйіндегі жеңгеміз Қалима да үнемі орысша оқыған, қазақшалары шорқақтау адамдар. Бірде Нағима апай - сол 2007 жылдың қарашасындағы Жәкеңді жөнелту рәсімінде ғой деймін, - елді серпілтпек үшін «Осы Жамбылға және Кәсембекке таң қаламын, қазақша білмейтін әйел алғанша, мына мені ала салулары керек еді ғой» деп елді ду күлдіргені бар-тын.

Ауылдан шалғай жүргендіктен, Мұқарам мұғаліммен жиі араласудың сәті сиректеу түсті. Ағамыз сырттай тілеуқор боп жүретін. 1983 жылы кандидаттық, 1997 жылы докторлық диссертация қорғағанымда, кейін бір жолыққан сәтте айрықша елжіреп, құттықтағаны бар.

Өмірін ұстаздыққа арнаған, қарапайым ғана жан, өз өмірінің мәні мен маңызын мұғалімдікте деп түсінген Мүкеңді аспандағы Ай мен Күнге теңгелі отырған жоқпын. Аңқаулық, аңғалдықпен қателік жіберіп алған сәттері де бар. Алайда соның өзіне асқан бір кесірлілікпен, астыртын амалмен барып еді дей алмайтыным анық. Бәріміз де адамбыз. Адам - пенде. Пенденің шалыс басқан тұстары бола береді. Жақсылығы мен кемістігі безбенге тартылса, Мүкеңнің алғашқы ұғымға сай екені және анық. Адам табиғаты күрделі. Ол «есін білгеннен бастап, бетперде киеді» (Сократ) қағидасын мойындасақ та, кімнің кім екенін білетін жасқа жетіппіз, сондықтан да нық сеніммен айтып отырмын.

Абзал азаматтар көп болса, олар сенің адами болмысыңның қалыптасуына алғышарттар жасайды, ал,

асыл азаматтың ғұлама ғалым, биік лауазым иесі немесе бай-
қуатты бизнесмен болуы шарт емес. Адами табиғатына пәктік
ұяласа болғаны. Мен сөз етіп отырған жандар да сондай
адамдар еді.

2011 жылдың жазында ойламаған жерден екеуі де бақиға
аттанып кете барды. Басы-қасында болдық, осы жердегі
Тұрсын ағамыз т.б. адамдарға хабарлап, ұйымдастыру
мәселесімен айналыстық. Ауылға жерлеу тұсында барып
қайттық.

Өмір - мұрат. Өлім - ақиқат. Сондықтан да Абай
жарықтықтың мына жолдарына ден қоямыз.

Дүние - үлкен көл,
Замана - соққан жел.
Алдыңғы толқын - ағалар,
Кейінгі толқын - інілер
Кезегімен өлінер,
Баяғыдай көрінер.

Сөз соңында Мұкарам мұғалімім мен Нағима
апайымның жандары жәннатта боп, рухтары пейіште
шалқысын, Төңірім ұрпақтарына ұзақ ғұмыр, құт-береке
сыйласын деп тілек білдіремін...

Қайыргелді МУСИН.

ҚИМАС ЖАНДАР ЕДІ...

...Мүкең ағамның өзімізге қарасты рулы елдің үлкені екенін, сонымен бірге, зерделі, оқыған білімді азамат екенін мектеп қабырғасына енген кездерімнен бастап білемін. Сол кезеңнен бастап, 2011 жылдарға дейін менің білім алып, азамат болып, өзімнің туған жерімде елге қызмет атқаруыма үлесін қосқан білікті де білімді ұстазым болды Мүкең.

Жас ұрпақты тәрбиелеуде саналы білім, сапалы кадр даярлауда әр азаматты мектеп қабырғасынан адами келбетімен қалыптастыруға қол жеткізе білген жан еді. Қабілетті ұстаздың қарымын байқаған білім саласындағы жоғары басқару органдарының басшылары Мүкеңді сол кездегі Орджоникидзе, қазіргі Нұра орта мектебінің директорлығына тағайындаған болатын. Тек жоғары басшылық қана емес, сол кездегі мектеп директоры қызметін атқарған Мүкеңді күллі ауыл-аймақ қадір тұтатын. Бұған дәлел ретінде Мүкеңнің алдын көрген қаншама шәкірттің қазіргі егемен еліміздің сан саласында еліне елеулі еңбек етіп келе жатқанын айтуға әбден болады. Сөзім дәмді болуы үшін, солардың біразына тоқтала кетейін. Айталық, Хамзин Мәуен – филология ғылымдарының докторы, профессор, Амандықов Тезекбай – ақын, Қасымов Аманқұл – ғылыми зоотехник, совхоз директоры болған, Дүйсенбеков Нұрлан – «Қазақтелекомның» басшысы және Дулатбеков Нұрлан – заң ғылымдарының докторы, профессор. Осы азаматтардың бәрі де Мүкеңнің нағыз шәкірттері деуге болады. Ал, ағамыздың мен үшін жасаған қамқорлығы бір төбе. Мектептің сегізінші сыныбын бітірген соң, Қарқаралы

қаласындағы зоотехникалық-мал дәрігерлік техникумына түстім, 1969 жылы зоотехник мамандығын алдым. Содан Кеншоқы совхозының №1 Батыстау бөлімшесінде ферма зоотехнигі боп еңбек еттім. Фермада жұмыс істеу мен үшін ауыр болатындығын сезініп, бір күні ағамен ақылдастым. Менің жағдайыма жете қаныққан ағам: «сен онда онжылдықты сырттай бітіріп ал. Содан соң жоғары оқу орнына бар» деген кеңес берді. Өйткені, техникумның дипломы бойынша үш жыл ауылшаруашылығында еңбек етпей жоғарғы оқу орнына қабылдамайтын заңдылық болатын. Сонымен, бір жылдың ішінде онжылдықтың аттестатын алып, 1971 жылы Семей қаласындағы зооветеринарлық институттың ветеринария факультетіне түсуіме жол ашылды.

Ағамның кеңесінің арқасында 1976 жылы жоғары оқу орнын бітіріп, Шет аудандық ветеринарлық стансасына бастықтың орынбасары боп қызмет атқаруыма тура келді. Ал 1978 жылы Ақтоғай ауданына қарасты мамандандырылған шаруашылық бірлестігінде бас мал дәрігері, кейінде бас зоотехнигі болып қызмет атқарып, 1986 жылы Кеншоқы совхозының директорлық қызметіне тағайындалып, Мүкең ағаммен қайыра тағайындалдым. Бұл кезеңде ағам зейнеткерлік жасқа келсе де, өз ортасында беделді, үлкендер арасында ұтымды сөйлеп, пікірін шындықпен ұштастырып жүргенін көзіммен көріп, құлақпен естідім.

Мен үшін туып-өскен мекенде және туған-туыс арасында қызмет ету оңайға соққан жоқ. Осы тұста ағамның маған берген ақыл-кеңесі қызмет барысында жемісті еңбек етуіме үлкен септігін тигізді.

- Қайыргелді, саған айтарым мына жағдай. Үнемі назарыңа ұста! Туған жерің, өскен ортаң, мынау туғаным, мынау тумағаным демей, бәрін бірдей ұста, - деген риясыз пікірі өлі есімде.

Көп ұзамай Мүкеңді ардагерлер алқасының төрағасы ретінде тағайындап, өзінен басқа алты мүшесін сайлап алдық. Ардагерлер алқасы елді мекендегі жағымсыз көріністерді талқылап шешуде және жастарды тәрбиелеуде, даулы мәселелерді шешуде көмек жасап, еңбек етті. Бұл бағытта өзіне туа біткен іскерлік қабілеті біз үшін қызмет барысында таптырмас тәжірибелер еді.

Ағамыздың даталы күндері жиындарда сөз алып, толғандыра сөйлеген ұтымды сөздері жиналған жұрттың назарын аударып, жаңалықтың жаршысы болуына, жастардың рухани патриоттық сезімін оятуға және туған-туыстың ауызбірлігін сақтауға үндегеніне нешеме рет куә болдық. Сол жүрек тебіренерлік лебіздері кімді де болса селт еткізетін, ойына ой қосып, жанына шарапатын жүктыратын. Осындай көрегендігі, біліктілігінің арқасында ағамызбен 24-25 жыл бірге қызмет еттік.

Жеңгеміз Нағима мен ағамыздың тату-тәтті өмір жолдары кім болса да қызығарлық жағдайда өріліп еді. Нағима жеңгеміздің қай ортада болсын, көңілі көтеріңкі жүретіні, кімді де болса күлдірмей қоймайтыны, ортаның гүлі боп, ажарын ашатыны да әлі күнге есте. Тойлы ортада дуылдатып, туған-туыстың алдында өн шырқайтын. Қызық-қуаныш пен ренішті де бірге бөлісетін. Ағайын өулеттің, рулы елдің жоғын жоқтап, сөзін сөйлейтін. Осы себептерден де жақын-жуық ел Нағимаға құрметпен қарады...

Амал нешік, сұм ажал күтпеген жерден бір кемеде бір мезетте аға-жеңгемізді арамыздан алды да кетті бақиға. Ағайын арасында өлі де жүре тұрулары керек еді. Ауыр салмақ еңсемізге түскен сәтте, маған айырықша ауыр болды. Себебі, марқұмдарды мәңгі сапарға шығарып салу алдындағы қаралы жиынды өткізу маған жүктелген еді. Осынау салмағы бөлек рәсімді атқарар қарсаңда түрлі

оймен жүріп, есіме жеңгем жиын-тойда сүйіп шырқайтын
Шәмші Қалдаяқовтың «Қайықта» өні ойыма оралды.

Болсақ-тағы жаңа таныс,

Жүзсек те алғаш қайықта.

Үшқыр қиял кетті-ау алыс,

Бұйырмашы айыпқа... – дегендей, бір кемеде жүзіп
жүріп, ағайын-туыс, ел-жұрт, бала-шағамен қоштаспай ана
дүниеге кете барғаны мені қатты қынжылтып еді. Амал
не!

Ақыры оңалсын, қуанышпен ұштассын! Ағамыз бен
жеңгеміздің жатқан жері жайлы болсын!

Төлен БАЛЫҚОВ

МЕН ОЛ КІСІНІ МИНА ДЕУШІ ЕМ...

Менің шешем Қамарияның әкесі Садық, яғни, үлкен нағашы атамыз, ақ сақалды, зор денелі, қарулы кісі болған еді. Нағашы атамыздың жалғыз ұлы - Әбдірбай. Ол кісі Ұлы Отан соғысынан қайтып оралмады. Әбдірбайдан жалғыз тұяқ Нағима қалды.

Нағима маған нағашы апа, жасымда атына тілім келмей «Мина» деп атаушы едім, содан өмір бойы Мина деп атап кеттім.

Мен Кеншоқы ауылының тумасымын. Осы ауылдың Сталин атындағы жетіжылдық мектебінде оқып, 1961 жылы бітіріп шықтым. Мина мен Мүкең отбасын құрғаннан кейін 1956-57 жылдары біздің үйде жатып, қызмет атқарды.

Минам Кеншоқы ауылсоветі жанындағы «Қызыл бұрышта» кітапханашы болып қызмет істеді, одан кейін Кеншоқы совхозының кітапханашысы болып зейнеткерлікке шыққанға дейін абыроймен жұмыс атқарды.

Мүкең (Мүкарам) маған жезде және ұстаз болды. Аталған жетіжылдық мектепте маған 4-7 кластарда тарих, денешынықтыру пәндерінен сабақ берді. Ол кездері мектеп директоры баяғы Жүнісов Сәулебек болды.

Мүкеңмен бірге мектепте қызмет атқарған ұстаздарым Бояубаев Қапыш, Дүйсенбеков Көкен, Ахметбеков Ботай, Күлейменов Жолдыбек т.б.

Мүкең орта бойлы, қызыл шырайлы бөденді, жүрегі жұмсақ, қайырымдылығы мол кісі еді. Мүкең ұстамды, шешендігімен орынды сөйлеуші еді. Білімді, адал еңбек етіп, мектеп директоры қызметіне дейін көтерілді. Мүкең балаларға ренжігенде немесе ұрысқанда «Қой деймін» деп қана қоятын.

Кешегі Әбдірбайдан қалған жалғыз тұяқ деп ауданның көпшілік тұрғындары Минамды еркелетіп ұстады. Минам халық арасында зор беделге ие болды, бетті де, сөз тапқыш, ойын жүйелі түрде жеткізе білетін. Үлкендердің арасында, тіпті қайнағалары алдында да еркін сөйлеп отыратын. Үлкендер Минамды «Нақыш» деп атайтын. Мүкең мен Минам бірге жасап, жақсы өмір сүрді. Он бала тәрбиелеп өсіріп, оқытты. Бір-біріне деген сыйласымдылығы өте жоғары болды. Бірге жүріп тұрғанды ғана қалайтын. Жанында біреуі болмаса көлдегі сыңарынан айырылған аққудай болып көрінетін. Мүкең мен Минам бізді жақсы көріп, сыйлаушы еді. Ауданға келсе, біздің үйге соқпай өтпейтін. Олар келгенде жолдасым Қамаш бәріміз бір жасап қалатынбыз, әңгімелесіп, өткенді еске алатынбыз, әсіресе өмірден озған ағатайымды (Жұмалды), Жәжемді (Зағияны) еске алып, көздеріне жас алушы еді.

Мінекей, үлкен-кішіні өкіндіріп, өксітіп, аяулы да ардақты нағашы апамыз Минам, жездеміз Мүкең 2011 жылы дүниеден өтті.

Асыл нағашы апамыздың, жездеміздің мейірім-шуаққа толы жарқын бейнелері көзден кетсе де, көңілден кетпесі анық.

Құдасы Қажы Шады Есбол өулетінен

ЕЛІНІҢ ТЕҢДЕСІ ЖОҚ АСЫЛ АЗАМАТЫ ЕДІ...

Қадірлі қауым, бұл естелікті өркім әр түрлі жазады. Әрине, бірге өскен ағайын-туыс, араласып жүрген қимас дос, сыйласқан, қызметтес болған үлкен-кіші есінен шығара алмай, ақ қағазға түсіре береді ғой, жүректегі ойды. Сол көп жазарманның ішіндегі менің ерекшелігім - мен Мүкеннің туған құдасы едім. Тумасам да туғандай болған құдам - Мұқарам, құдағиым - Нағима еді. Он бір баламның кішісі - Асылбегімнің атасы еді. Арамыздан қыл өтпестей сыйластық бар-ды. Жоқты санаспайтын, жылына бірер рет кездеспесек сағынып, ай сайын сотка-телефонмен амандық сұрасып отырушы едік. Барлық қуанышымызды, ренішімізді бөлісіп отырушы едік. Тәрде отырып батамызды беріп, тойымызды бірге өткізіп, соғым басын сақтап қойып бірге жеуші едік. Сөйткен құда-құдағиымнан ойда жоқта, қайғысына ортақтасып, айырылып қалдық. Қандай қиын жағдай! Ешкімді ана жаққа қимағанмен, пенде болғасын, өмірде осылай болады екен...

Мүкең мен Нағима келбеті келіскен үлгілі ата-ана, қаншама жылдар бойы көптеген шәкірт тәрбиелеген ұстаздардың ұстазы еді. Халқы құрметтеген иманды жан болғанын, Кеншоқының, одан асып Шет ауданының ардақты ақсақалы атанғанын жаназа намазында халқының аза тұтқанынан көрдім. Мүкең табын руынан болса, мен тама руынан. Екеуіміз де кіші жүзден тарайтын туыс едік. Екеуіміз Қарағанды пединститутында оқып, тарих факультетін бітіріп, ұстаз болған едік. Балаларымыз бірге туғандай араласып, сыйласып кеткен еді. Мен Жеңісте - Жаңаарқа жерінде, Кеншоқыдан 380 шақырымдай алыс тұрғанмен, үйдің қасында көрші тұрғандай, сағыныса араласып тұрушы едік.

Адам жасы ұлғайған сайын көп ойланып, көп толғанады екен. Жасындай жарқылдап жүрген жылдарыңды еске аласың. Көпшілігі бақилық болып кеткен кезде өзіл-қалжыңдары жарасып, тай-құлындай тебісіп қатар жүрген сыйлас, сырлас болған дос-жолдастарың көз алдыңа келеді. Ойланған сайын жолдастарың селдіреп бара жатқаны жаныңа батады! Менің он бір баламның құдаларының екеуі-ақ қалды. Бірі - Жезқазғанда, бірі - Қызылордада. Тілегі бір, ниеті бір, жақсы күндерде де, жабыққан күндерде де жаныңнан табылатын жандардың бейнесі сағынышқа айналып, санаңды сәулелендіріп тұрады екен. Мынау баяны мен байлауы жоқ опасыз жалғанда бірін-бірі түсінетін дос-жар адамдардың болғаны қандай жақсы!

Адамдардың бірімен бірінің жақын жүруінің өзі шексіз қуаныш, өлшеусіз бақыт екенін күнделікті күйбің тіршілікпен жан ұшырып жүргенде көп сезіне бермейді екенбіз. Қадір-қасиеті мол ғұмырымыздың соңында қасіретің де мол екенін түсінген сайын жан-дүние құлазып тұрады. «Бірге тұмақ болса да, бірге жүрмек жоқ екен» деген халқымыздың даналық сөзі тура айтылған. Әрине, бұл саналы адамның бәрінің басынан өтетін құбылыс.

Сондайда дана, кемеңгер Абайдың отыз жетінші қарасөзіндегі мынадай бір, ұлағатпен айтылған парасатты байламдары ойымызға оралады.

«Дүние - үлкен көл,

Замана - соққан жел.

Алдыңғы толқын ағалар,

Артқы толқын інілер.

Кезекпен өлінер

Баяғыдай көрінер»

Осы бір ұлағатты пайымның мән-мағынасына үңілген сайын ақиқатын айқын аңғаруға болады екен. Расында

да, сырттай карағанда еш нәрсе де өзгермегендей тіршілік толқыны өз арнасымен ағып жатқан сияқты. Бірақ, шынында да бәрі солай ма? Олай емес! Бүгінгісіне мез болып, кешегісін ұмытқан жандарға ғана дүние мүлдем өзгергендей болып кетуі мүмкін. Дана Абай осыны меңзеген. «Кезекпен өлінер, баяғыдай көрінер» дегеннің арғы жағында «алаулы-жалаулы дүниенің бүгінгі аласапыранында қалма, адасып қалма» дегендей ащы мысқал жатыр. Тіршілікте айдын шалқар көлінен заман дауылы, мезгіл екпіні сені де ажалдың сыпыртқысымен сыпырып өкетеді, сен кеткенмен де еш нәрсе өзгеріп қалмайды... Дүние жалған деген осы болар.

Мүкең мен Нағима ораза, намазы бар пенде еді. Иманы жолдас болсын демекпін.

Орнында бар оңалар деген, құда-құдағиымның үлгілі тәрбиесімен өсіп-өркендеп келе жатқан оншақты баласы өке мен ана жолын жалғастырып, халқының ардақты азаматтары болатынына сенемін.

Тұрсын ОРДАБАЕВ.

ЖАНЫ ЖОМАРТ АЗАМАТТАР

Мүкең мен Нағимамен бір ауылда өскен ағайындығымыздан бөлек, бажалығымыз да бар. Менің 1996 жылы жол апатынан қайтыс болған жолдасым Зағия мен Нағима нағашылы-жиенді және де оқуды Шет ауданының орталығында Орекеңнің үйінде (Матаев Орынбай ақсақалдың үйінде) жатып оқып, апалы-сіңділі өте тату-тәтті ғұмыр сүрді. Нағима Мүкеңе тұрмысқа Бөкеңнің үйінен ұзатылды. Бөкең деп отырғаным Зағияның әкесі Балық ақсақал. Ол кезде ол кісілер Кеншоқы совхозының орталығында тұратын. Нағима Мүкеңе қашып кеткен соң бір-екі күннен кейін атасы Садық ақсақал артынан іздеп барам деп байбалам салады. Елдің «ұят болады, баруға болмайды» дегеніне қарамай, ешкімге айтпай, Кеншоқы руднигінде тұратын Мүкәрамның үйіне таңертең барып, кереуеттің аяқ жағына отырып алып, «Нағима, түр балам, ата қымбат па, бай қымбат па?» деп оятып алады. Екеуі жылап көрісіп, құдалар сый-сияпатымен Сәкенді шығарып салады. Нағима – Сәкеннің соғыста хабарсыз кеткен ұлы Әбдірбайдың қызы, яғни, Сәкенге немере. Мүкең Кеншоқы совхозында мұғалім боп істеді. Балуан денелі, әскерге барып келген, өте көрікті жігіт болды. Мектеп ұжымына, ағайын-туысқа, көрші-қолаңға, қайын жұртына өте сыйлы болды. Мен Зағияға 1959 жылдың қаңтар айында үйлендім. Зағия екеуіміздің бас құрауымызға Мүкең дәнекер болып, Зағияны Бөкең үйінен шығарып беріп, ақ жол тілеп, батасын берген болатын. Сол себепті ме, әлде адамгершілігіміз жарасты ма, өте тату болдық. Кейін балалы-шағалы болғанда екі үйдің қай баласы болсын, ұзату, үйлену тойларын бірге атқарып жүрдік. Қарым-қатынасымыз өте жақсы болды.

Тұрсын ОРДАБАЕВ.

ЖАНЫ ЖОМАРТ АЗАМАТТАР

Мүкең мен Нағимамен бір ауылда өскен ағайындығымыздан бөлек, бажалығымыз да бар. Менің 1996 жылы жол апатынан қайтыс болған жолдасым Зағия мен Нағима нағашылы-жиенді және де оқуды Шет ауданының орталығында Орекеңнің үйінде (Матаев Орынбай ақсақалдың үйінде) жатып оқып, апалы-сіңлілі өте тату-тәтті ғұмыр сүрді. Нағима Мүкеңе тұрмысқа Бәкеңнің үйінен ұзатылды. Бәкең деп отырғаным Зағияның әкесі Балық ақсақал. Ол кезде ол кісілер Кеншоқы совхозының орталығында тұратын. Нағима Мүкеңе қашып кеткен соң бір-екі күннен кейін атасы Садық ақсақал артынан іздеп барам деп байбалам салады. Елдің «ұят болады, баруға болмайды» дегеніне қарамай, ешкімге айтпай, Кеншоқы руднигінде тұратын Мүкәрамның үйіне таңертең барып, кереуеттің аяқ жағына отырып алып, «Нағима, тұр балам, ата қымбат па, бай қымбат па?» деп оятып алады. Екеуі жылап көрісіп, құдалар сый-сияпатымен Сәкеңді шығарып салады. Нағима – Сәкеңнің соғыста хабарсыз кеткен ұлы Әбдірбайдың қызы, яғни, Сәкеңе немере. Мүкең Кеншоқы совхозында мұғалім боп істеді. Балуан денелі, әскерге барып келген, өте көрікті жігіт болды. Мектеп ұжымына, ағайын-туысқа, көрші-қолаңға, қайын жұртына өте сыйлы болды. Мен Зағияға 1959 жылдың қаңтар айында үйлендім. Зағия екеуіміздің бас құрауымызға Мүкең дәнекер болып, Зағияны Бәкең үйінен шығарып беріп, ақ жол тілеп, батасын берген болатын. Сол себепті ме, әлде адамгершілігіміз жарасты ма, өте тату болдық. Кейін балалы-шағалы болғанда екі үйдің қай баласы болсын, ұзату, үйлену тойларын бірге атқарып жүрдік. Қарым-қатынасымыз өте жақсы болды.

Мүкең мен Нағима бір-бірін сүйіп қосылған өте жарастықты отау құрды. Мүкең зейнетке шыққанша халық ағарту саласында өте беделді қызмет атқарды. Кеншоқы орта мектебінің директоры болды, жаңа салынған мектептің шаруашылығын іскер меңгеріп, алдыңғы қатарлы мектептер қатарына қосты. Өз ұжымының, совхоз жұртшылығының алдында өте беделді еді. Өзінен кейінгі іні-қарындастары мен ағайынына қамқор бола білген жан еді.

Өзінің туған інісі Шәкенді оқуға жіберіп, жоғары білім әперді. Отырған жерінде өте көңілді, дастарқанның берекесі бола білді.

Нағима марқұм жас келіннен еркелеу болып өсті. Онысы өзіне жарасатын. Ағайын-туыстары өте жақсы көріп, бұла қылып өсірді. Кейін өзімен бірге оқыған кластастары қандай жоғары қызмет атқармасын, Нағиманы қатты сыйлап, еркелігін көтеретін. Өзімен бірге оқыған Медиев Кәсімбек, Ақылбаев Жамбыл жоғары қызметтерде істеді. Нағима сол кісілерге именбей кіріп, шаруасын батыл айтып шешетін. Нағима тек кластастары емес, ағайын-туыстың, құда-жекжаттың сыйлысы бола білді. Өмірге он перзент әкеліп, батыр ана атағын алды. Мүкең екеуінің дастарқаны әр уақта мол, шын көңілдерімен келген қонақты қарсы алып, шығарып салатын. Бұл кісілердің халыққа қаншама сыйлы екенін Халилин Кәдірбек марқұмның бір ауыз өлеңінде жақсы айтылған. Менің қайнағам Балықов Жұман марқұмның бір баласы үйленгенінде дастарқанды басқарып отырған Кәдірбек марқұм былай деп еді:

Тойда отыр Нағима мен Мүкәрәм кеп,
Табын атаң ішінде жұқалаң көп.
Оларға жаны жомарт ұқсамайтын,
Мүкәрәм ойламайцды жұқарам деп.

Осы бір ауыз өлеңде ол кісілердің қандай адамдар екеніне түсінік берудің қажеті жоқ қой деймін.

Мүкеңі мен Нақаң жақсы өмір сүрді. Балалары жеке-жеке отау болып, солардың қызығына тоймай, әрқайсы үйінде сыйлы қонағы болып, немере-шөберелерін аймалап өтті. Құдаларымен өте тату-тәтті болды. Бірақ, рақымсыз ажал арамыздан ерте алып кетті.

Жалғыз кеткен жоқ, қол ұстасып өмірден бірге кетті. Бұл кісілердің өмірден өтуі сыңарын жоқтайтын аққу сияқты болды. Аққу сыңарынан айырылса, тірі қалғаны да өз еркімен ажал құшағына берілетін.

Қазақта «орнында бар оңалар» деген жақсы сөз бар, иншалла артында азамат болған ұл-қыздары қалды. Ақ жуып, арулап екеуін екеуін соңғы сапарға бірге шығарып салдық. Әлі де ол кісілердің көретін қызықтары көп еді, ажал шіркін оған қаратпады. Ендігі айтарымыз, ол кісілердің көрмеген қызығын, жасамаған жасын артында қалған ұрпақтары жасасын. Бұл өулетте енді жамандық болмасын деп тілейміз. Жатқан жерлері жарық, топырақтары мамық болсын. Алды бейіш, арты кеніш болсын!

Айдос БЕКТЕМІР,
кино және театр актері,
Қазақстан Республикасының
Еңбек сіңірген қайраткері

ПЕЙШТЕ НҮРЫҢ ШАЛҚЫСЫН

Баянсыз мынау жарық дүние жалғанның бейнеті мен
зейнетін құстың қос қанатындай жұптары жазылмай қол
ұстасып жүріп бастарынан өткерген... Миуалы бөйтеректей
тамырын тереңге жайып, ұл-қыз өсіріп, солардың қызығын
енді көре бастағанда, күнімдік осы фәниден мәңгілік анау
мекенге де жұбын жазбай бір мезгілде аттанған құда-
құдағиым Мұқарам мен Нағима марқұмдарға.

Сіздерді ойлап көңілді мұң шалады,
Сыйластықтың биік-ау мұнша мәні.
Сіздердің «құда» деуің бөлек екен,
Басқалар «құда-екелеп» тұрса-дағы.

Ойын-той баяғыдай басталады,
Ай, жұлдыз төбемізде, аспан әне...
Білмеймін қалай екен басқалары,
Мен үшін орындарың бос қалады!

Бұл өңзі құбылыс та болмысымен,
Әлде жазмыш қымбат па сонысымен.
Тірліктің нарқын емес парқын ұғып,
Іздеймін өздеріңді сол үшін мен.

Құдағи-құда болдық ақіреттік,
Бір сәтте Сіздерді ажал бақұл етті.
Шын пейіл, адал көңіл арқасы ма,
Бір күш мені бір сәтте ақын етті.

Жок, әлде, бұл қылығым теріс пе еді?
(Пендеден кім жасасын періштені)
Жаннат, жұмақ есігін айқара ашып,
Нұрларыңыз шалқысын пейіштегі!

Әумин!

Жолдыбек КҮЛЕЙМЕНОВ

ЖАҚСЫДАН ҚАЛҒАН ҰРПАҚ

Жексембаев Мұқарам Рамазанұлымен алғаш танысқаным 1953 жылы бұрынғы Сталин атындағы колхоз орталығына Кеншоқы руднигінен келіп жүрген кездерімде болатын. Ол кезде мен VII класс бітіргенмін, ал Мұқарам Қарғалы колхозында үш жыл мұғалім болып, Кеншоқы руднигіндегі жетіжылдық мектепке ауысқан екен. Мен танысқан сәттерде Мұқарам үйге келіп, әке-шешеме амандасқан екен. Шешей Мұқарамның қолынан сүйіп, жақсыдан қалған ұрпақсың ғой деп, көзіне жас алды.

Мұқарамның әкесі жөнінде әке-шешей сыртынан таныстырып, әкесі оқыған, орыс тілінде сауатты сөйлейтін еді деп отыратын. 1930 жылдары Шетте халық депутаттары аудандық советінің атқару комитетінде жауапты секретарь боп қызмет атқарып, 1937 жылғы зобалаң уақытта «Халық жауы» деген жаламен ұсталып кетіпті.

Мұқараммен толық танысқаным 1958 жылы атамыз Нағимамен бас қосқаннан кейін болса, етене араласуым мен қызмет істейтін Сталин атындағы мектепке тарих, география пәндерінен сабақ беріп жүрген жылдары еді. Мұқарамның адамгершілігі мол болатын, мінезі ауыр, үлкен-кішіге бірдей артық сөзі жоқ, барлық ортада өзін байсалды ұстай білетін азамат еді. Мұқарамға біреулер артық сөз айтса да үндемей, өзін орнықты ұстайтын, оған артық сөз айтқан адамдар өзінің қателігін кейін түсініп, кешірім сұрап жатқанының да талай куәсі болдым.

Осы жетіжылдық мектепте директор болған Жүнісов Сәулебек, Мұқарамның орнықты, байсалды, көтерімді, артық сөзі жоқ мінезіне қызыға қарап, нағыз абзал азамат

қой деп сыртынан мақтап, оның болмысына қызыға қарайтын. Мұқарам мектепте мұғалім болып қызмет атқарған уақытында, өзінің нағыз педагог, өз ісін сүйетін ұстаз болды. Апамыз Нағима екеуі он бала тәрбиелеп, балалары бүгін үйлі-баранды боп, жеке-жеке отау тіккен. Үлкендері Света жоғары білімді мұғалім, Мұқарам екеуіміз қызмет атқарған мектепте ұстаз боп, шәкірт тәрбиелеуде. Одан кейінгі Құрмаш Қарағанды Политехникалық университетін бітіріп, көп жыл Ақтоғай ауданының Ақтоғай совхозында бас инженер болды. Совхоз тарағаннан кейін Қарағанды қаласына көшіп келіп, Сұрыптау бекетіндегі теміржол мекемесінің бірінде бөлім бастығы болып жұмыс істеуде. Одан кейінгі Талғат пен Қияш жоғары білімді ауылшаруашылық мамандары.

Мен партия жұмысына ауысқаннан кейін Мұқарам осы мектепте ұзақ жылдар бойы мектеп директоры болып, 60 жасқа таяған уақытта өз орнын жастарға беріп, өз еркімен қатардағы мұғалім болды. Ал Нағима апай болса жасынан туған-туыстары еркелетіп, өте қатты қадірлеп өсіргендігінің арқасында ер бала сияқты боп ер жеткен, есейген болатын. Мінезі өткір, кім болса да бет-жүзіне қарамай кемшілігін айтып тастайтын әділ еді. Нағима 5 кластан бастап аудан орталығындағы орта мектепті жездесі матаев Орынбайдың үйінде жатып оқыды. Жездесі Орекең Нағиманы тұңғыш қызындай жақсы көріп, өле-өлгенше жақсы көріп кетті. Орекең балалары да Нағиманы туған апасындай көріп, өте құрметтеп, сыйлайтын еді. Ал, Нағиманы менің әкем Балмағанбет болса, «біздің бригадир» деп жақсы көретін. Себебі, Нағиманың әкесі Садықов Әбдірбай Ұлы Отан соғысы басталған жылы соғысқа аттанып, 1941 жылы Москва түбіндегі шайқаста қаза тапқан болатын. Ол кісі де өте жақсы адам болыпты.

1955 жылы жездесі Матаев Орынбай К.Маркс колхозына басқарма боп жұмысқа орналасып, аудан орталығынан көшіп кеткенде Нағима әкемнің туған інісі Күлейменов Мақайдың үйінде жатып оқып, X класты бітірді. 1956 жылы Нағима, мен, қарындасым Бақытты бар, бәріміз X класты әкейдің үйінде жатып бітірдік. Біз сабақты тек түнгі мезгілде ғана оқитынбыз. Күндіз бір жағынан қол тимесе, екінші жағынан үйде бес бірдей жас бала бар еді. Сол себепті де күнделікті сабақ өзірлеу түнгі сағат бірге дейін созылатын. Мен жасырынып темекі тартатынмын. Нағима менің темекім таусылып қалса, маған беру үшін темекі сатып алып, елге көрсетпей тығып қоятын. Сондай қызық дәурен еді...

Нағима мен Мұқарам жөнінде осы естелікті жазу уақытында бұрынғы өткен күндеріміз еске түсіп, «Қайран, өмір-ай! Күндер-ай!» деп көзге жас та келген жайы бар.

Нағима мен Мұқарамды жұбайым Мәку де өте жақсы көретін, олар үйге келгенде дәмді астарын алдына қойып, Мүке, Нағыш деп жаны қалмайтын. Олар келгенде дәмнің жақсысын алдарына тартып, өңгіме-дүкен құрып, бір жасап қалушы едік.

2006 жылы біз қалаға көшкен уақытта Мүке мен нағима қатты ренжіп, «Енді біз қайда барамыз?» деп, өте қатты күйзеліс білдіріп еді. Уақыттың ағымы солай болды. Бірақ, қашан, қай жақта жүрсек те бір-бірімізді жиі еске алып, сағынысып жүрдік. Өмір өз дегенін істейді, қазір олар арамызда жоқ. Ұрпақтары Мүке мен Нағиманың жүрген ізін жалғап, алға баса берсін...



Жексенбайұлы Рамазан



Жексенбайұлы Разак



Рамазанұлы Мүкәрам
1968 жыл.



Разак әкеміз, Рахима, Төлеу
әжелеріміз. 1957 жыл.



Қапш Бояубаев, Көкен Дүйсенбеков
және әкей. Студенттік жылдар.



Марат Матаев, інісі Шөкен және әкей.



Әкейдің әскердегі өмірінен.



Медеубайұлы Садық



Садықұлы Әбдірбай



Шешей апалары Қамария және Панария балалары Жұмал, Марат отбасымен



Біздің өулет. Анамыз Нағима, өкеміз Мұқарам, әжемiз Төлеу. Үлкендердiң алдында отырғандар: Талғат және Сәуле. Түрегеп тұрғандар: Қияш, Құрмаш және Света. 1967 жыл.



Әкей мен шешей. 1960 ж.



Әкей Көкен Дүйсенбековпен бірге. 1968 жыл.



Шешей, әкей және анамыздың сінлісі
Зағия Балыққызы. 1975 жыл.



Нағима Әбдірбайқызы және Бақытты
Күлейменова. Мектеп бітіру сәті.



Әкей мен шешей. 1978 жыл.



Шөкен ағамен. 2005 жыл.



Жұматай ақсақалмен. 2012 жыл.



Әкей мен шешей және Төлен
Балықов.



Рахат Мұқарамұлы. 1968-2002 жж.



Рахат бауырымыздың балалары
Азамат пен Сұңғат.



Әкей Шады құдамен. 2011 жыл.




Шешей, Света, Аққайша жеңгей,
Бакыт құдағи. 2011 жыл.



Шешей, Мөден ақсақалдың бәйбішесі
Мәрияммен.



Күйеубала Асылбек, Майгүл, әкей,
шешей, Құрмаш. Түрегеіп тұрғандар:
Келіндер Неля, Айнүр, Райхан, Саят,
Света, Гүлшат келін.



Әкей немерелерімен: алдында отырған Ерболат және жиендер Мәдина және Әнел.



Наурыз тойында. Әкей, шешей және сіңілісі Тиыштық.



Күдасы Қабыкен, күдағиы Тілеужанмен бірге.



Мектеп директоры, күйеубаласы - Елубай, ауыл әкімі, бауыры - Қайыргелді Мусиндермен. 2005 жыл.



Майгүл, Мәдина жиен, әкей, Айгүл және Әнел.



Света шешеймен.



Қарлығаш Талғатқызының ұзатылу тойы. Өскемен. 2010 жыл.



Құрмаштың мерейтойында.



Айгүл, шешей, Райхан, Құрмаш, Айнүр. Түрегеп тұрғандар: Ерболат, Сәният, Гүлнүр және Ернүр.



Сақан шешей, Нағима анамыз, әкей және інісі Шөкен (Шәкәрім).



Қабыкен мен Тілеужан, Қапас баласы Әбікен құдасымен



Әкей мен шешейдің Алтын тойы.
2007 жыл.



Әкей қызы Майгүлмен.



Құрмаш пен Райхан.



Айдарбек, шешей және Света.
Шыбындыкөл. Өскемен.



Алтын тойда.



Құрмаштың отбасы. Астана.
2009 жыл.



Майгүл мен Асылбектің отбасы.



Немересі Гүлнүр, күйеу баласы
Ғалымжан, шөберелері: Айша, Медина



Құдағиы Тілеужан балаларымен



Немересі Гүлнүрдың соңғы қоңырауында. Нұра орта мектебі.

Қуаныштай СЕЙІЛБЕКОВ,
Шет аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы,
«Құрмет Белгісі» орденінің иегері.

ӨМІР ЖОЛДАРЫ ӨНЕГЕЛІ ЖАНДАР ЕДІ...

Шет ауданында білімді азаматтар көп болды. Солардың бірегейі Жексенбайұлы Мұқарам, Рамазанов Шөкендер еді. Шөкеннің ағасы Мұқарам өте білімді, мінезге бай, бір адамға дауыс көтермейтін адам еді. Еңбек жолын мұғалімдіктен бастап, кейін зейнеткерлікке шыққанға дейін орта мектептің директоры боп қызмет атқарды. Қарындасымыз Нағимамен бас қосып, отау тігіп, анасы мен туғантуыстарын қуантты. Нағима да қатардан қалыспай, кеңшарда кітапхана меңгерушісі болып, бірнеше жыл қызмет атқарды, балалы-шағалы немерелі, шөберелі болды.

Тағдырдың жазуы шығар, күйеубаламыз Мұқарам мен қарындасымыз Нағима жол апатына ұшырап, бір машинаның ішінде о дүниелік болып кетіп, туғантуыстарының, жора-жолдастарының қабырғасын қайыстырды. Мұқарам 2005 жылдан өмірінің соңына дейін Кеншоқы ауылдық округінің ардагерлер кезеңінің төрағасы жұмысын атқарып келді.

Рамазанов Шөкен Мұқарамның туған інісі жоғарғы білімді мал дәрігері Шөкенмен 1964 жылдан қызметтес болдым. Шөкен қызметте іскер, халық арасында құрметті азамат болды.

Мен 1970 жылы Орджоникидзе атындағы совхоздың бас зоотехнигі болып тағайындалғаннан бастап, жеті жыл бірге қызмет атқардық. Совхозымыздың орталығы аудан орталығымен бірге болғандықтан, жұмысымыз өте күрделі болды. Біреуге жағасың, біреуге жақпайсың дегендей.

Совхозда 4,5 мыңдай ірі қара, 2 мыңдай жылқы малы болды. Төрт бөлімшесі бар, сүт өндіретін совхоз болатын.

Жалпы, ер азаматтың қай салада болсын өнімді еңбек етуі отбасының тыныштығына, зайыбының жақсы болмағына қатысты ғой. Шөкеннің зайыбы Сақан сондай жақсы адам екендігін көрсете білді. Үлкен-кішіні мейлінше сыйлап тұратын. Өз ісіне қабілетті, өзімшілдігі жоқ, дастарқаны мол, мейманды еш ренішсіз қабылдайтын. Зейнетке шыққанша Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепте дәріс берді.

1977 жылы совхозға директор боп тағайындалып, он жыл бойы, 1987 жылға дейін сол орында қызмет атқардым. Осы мерзім аралығында Шөкен екеуіміздің әріптестігіміз ары қарай ұласты. Сол уақытта Шөкенді совхоз директорының өндіріс жөніндегі орынбасары етіп тағайындадым. Шөкен жұмысты үлкен жауапкершілікпен атқаратын. Сөйткен Шөкен мен Сақанның балалары өздері сияқты еңбекқор, мәдениетті, халыққа сыйлы азаматтар боп ер жетті.

Шөкеннің рухына тағзым ете отырып, жатқан жері жайлы болсын, топырағы торқа болсын, сен көрмеген қызықты бала-шағаң көрсін, жасамаған жасыңды бала-шағаң, Сақан жасасын деймін.

Орта жүз, Арғын келіні, Қаракесе,
Бес Бошан, Байбөрі, Жүгіней баба
ұрпағы Сақыпжамал Сәлменқызы.

ЖАДЫМЫЗДАН ЖОҒАЛМАЙДЫ

Жаны жайсаң асқар тау аға Мұқарам мен жайдары мінез
ақжарқын ана Нағима жеңгеміз туралы ескерткіш естелік
«Өткен адам болады көзден таса,
Өлді, өшті оны ешкім ойламаса.
Ол кетсе де белгісі жоғалмайды,
Керектісін ескеріп ұмытпаса...»
Шаһкәрім.

Дана халқымыз «Бірге тумак болса да, бірге жүрмек жоқ
екен» дейді. Тағы да «Бір үйде нешеуің, біріңе бірің
қонақсың» деген нақыл сөзін еске ала отырып, кеше ғана
көз алдымызда жүрген аяулы аға-жеңгеден көз жазып
қалып, егіле отырып, естелік жазамыз деп кім ойлаған!
Амал қанша, жазмыштың бұйрығы солай болса...

Еліне, ағайын-туысқа, бала-шағасына, халқына керекті
де ерекше азаматтың бірі, саналы ғұмырын жас ұрпақ
тәрбиесіне арнаған, халқының аяулы ұстазы ардақты
ағамыз Мұқарам рамазанұлы жексембаевты қимастықпен,
үлкен құрметпен әрдайым еске алып, ол кісінің жібектей
жұмсақ мінезін, терең ойлы ақылын, алтындай салмақты
сабырын, білімді парасатын ұрпағына үлгі етемін.
Ағатайымның бойынан терең тектіліктің, адалдықтың,
иманжүзділіктің белгісі көрініп тұрушы еді. Өйткені, ол кісі
имандылықты бойына жиган, терең діни білімі бар, ғұлама
молда Жексенбай бабамның немересі, 37 жылғы
репрессияның құрбаны болған, халқы үшін аянбай еңбек
еткен Алаштың айтулы азаматы Жексенбаев Рамазаның
ұрпағы еді.

«Талаптыға нұр жауар» дейді халқымыз. Әкесінен жастай қалған екі бала - Мұқарам мен Шәкен (Шәкәрім) өз талаптарымен ер жетті. Мұқарам аға Қарқаралыдағы мұғалімдер техникумын, одан соң Қарағанды пединститутын бітіріп, халық ағарту саласында жай мұғалімдіктен мектеп директорлығына дейін көтеріліп, өмірінің соңына дейін еңбек етіп, зейнеткерлікке шықты. Аға-жеңгеміз он азаматты бауырынан түлетіп ұшырған, немере сүйіп, шөбере көрген үлкен өулеттің ұйытқысы, ата-әжесі еді. Балаларының бәрі де жоғары білімді, егемен еліміздің әр тарапында, әр салада еңбек етіп жүрген азаматтар.

Інісі Рамазанов Шәкен де аға қамқорлығымен ер жетіп, 1964 жылы Семей қаласындағы малдәрігерлік институтты бітіріп, Шет ауданының ауыл шаруашылығы саласында қырық жылдай мал дәрігері боп еңбек етті. Жаны жайсаң, ақкөңіл, адалдықтың ақ жібін аттамаған Шәкен Рамазановты әріптес азаматтар, елі-жұрты жақсы біледі. Осы екі баланы сонау сұрапыл 37 жылдары әкелері ұсталып кеткенде, «Орнында бар оңалар» деп, ақ тілегін арнап, қолдарынан жетектеп жеткізген ұлы анамыз Рахима Елеусізбайқызы мен туған анасы Төлеу Ахметқызы аналарымыздың рухы алдында мәңгі борыштармыз біз. Осы аналарымызды еске алып, әрдайым рухтарына бас иіп, дұға бағыштаймыз. Сол әже-аналарымыздың екеуі де немере-шөберелерін көріп, еңбектері жанып, ақ әже атанып, өмірден өтті. Бұдан соң әжелер жолын жалғастырып, ізін өшірмеген, асыл ағамызбен елу жыл тату-тәтті ғұмыр кешіп, «Алтын тойын» жасап, «Алтын алқа» таққан жеңгеміз Нағима еді. Жеңгеміз ақ жарқын, өзілқой, жүрген жерін күлкіге бөлеп жүретін шуақты жан еді. «Ағайын тату болса, ат көп, абысын тату болса, ас көп» дегендей жұбымыз жазылмай, бала-шағаны бірге

тәрбиелесіп, тату-тәтті ғұмыр кештік. Әрине, мына қысқа тіршілікте татулық пен сыйластыққа не жетсін! Татулық пен сыйластықтың аясында үлкен береке, ұйымшылдық, бірлік, шынайы жанашырлық, ынтымақ тұрады екен. Адам балалықтан даналыққа дейінгі өмір жолында үлкен өмір мектебінен өтеді. Ақылды, саналы адам кемшілік пен жақсылықты өз бойында саралау керек, яғни, үздіксіз өзін-өзі тәрбиелеу керек, жақсылықтан ғибрат алуы, жамандықтан жиренуі керек. Менің түсінігімше, сыйластықтың алтын тұғыры бірге туған азаматтар арасындағы бірлік пен берік сыйластық арқылы асқақтайды. Шәкен ағаның бірге туған жалғыз інісі болғандықтан ба екен, ағаны алдынан кесіп өтпей, аса құрметпен қатты сыйлайтын, ал өзі әкесіне еркелеген балаша еркелейтін. Бұл өмірде екеуі бірінің бірі көңілін қалдырып көрмеген адамдар еді. Осы сыйластықтарын мен де құрметтеп, өмір бойы сақтап өттім. Ардақты ағатайым біз үшін әке орнына әке, аға орнына аға болып, өмірден өтті. Қазір сол 45 жылдай сыйластықпен өткен өмірімізді экраннан өткендей қимастықпен ой елегінен өткізіп, еске алып отырамын. Көңілдегі көрікті де, көп ойларды кішкене естелікке сыйғызу мүмкін емес. Ол кісілер туралы шежірелі кітап жазуға болар еді...

Аяулы аға-жеңгеміздің еліне елеулі, халқына қалаулы жақсы қадір-қасиеттерін, ырыс-берекесін ұрпақтарына қалдырып, өсіп-өне берсін, арты берекелі болсын деп, естелігімді аяқтаймын.

Талайды тағдыр жылатқан,
Талайдың тауын құлатқан.
Тағдырдың ісі сол шығар,
Жай тапсын жандарың жұмақтан!
Ардақты аға-жеңге, жатқан жерлерің жайлы,
топырақтарың торқа болып, нұрларың бейіште жайнасын.

Амангелді Еркебайұлы КЕЙКИН

ЕСКЕ АЛУ

Кеншоқы ауылының тұрғыны, ұлағатты ұстаз Мұқарам рамазанұлы Жексенбаев пен көп балалы аяулы ана, аңқылдаған ақ көңілді, ақ жарқын жеңгеміз Нағима Әбдірбайқызының фәни дүниеден бақиға аттанғанына маусымның 15-күні тура бір жыл толады. Жақсы адамдар дүниеден өткенде жаның ауырады. Қайғырасың, қабырған қайысады. Қапаланасың, жоқтығы сезіліп-ақ тұрады.

Мүкең мен Нағима жеңгеміз жол апатынан бақилыққа бірге кетті деген сөздің өзін есту біздер үшін ауыр болған еді. Екеуі де елге қадірлі жандар еді ғой. Мұқарам ағамыз саналы ғұмырын шөкірт тәрбиелеуге арнады. Халқының алдындағы перзенттік парызын адал атқарған мұғаліміміз болатын. Ұстаздардың ішіндегі ай маңдайлысы еді-ау. Мүкең адамгершіліктің ең жоғары қасиеттерін бойына жинаған, қарапайым да кішіпейіл, көрнекті ұстаз, адал жар, адал дос, өмір жолы бүкіл елге өнеге болған майдақоңырымыздың өзі де, көзі де еді. Сабақ оқытқандағы ылғи да күліп тұратын, нұр төгіп тұратын жарқын да жайдары жүзін, әдемі естілетін майдақоңыр үнін, жібек мінезді биязы болмысын ұмытқан емеспін. Ол бәрімізге қымбат жан болатын. Мұқарам ағамыздың құдай қосқан жары, өмірлік серігі болған Нағима жеңгеміз де болмыс-бітімі ерекше келген жайдары, қалжыңдасқанда дес бермейтін, қайдағыны тауып алатын тапқыр, жүрген жерін базар қылған сауықшыл жеңгеміз болатын. Ұзақ жылдарғы отбасылық өмірінде Мүкең мен Нағима жеңгеміз тату-тәтті тіршілік кешіп, Арқаның қос өркешті сұлу жотасы Түйетас өңіріне үлгі-өнеге, ағайын-туысқа мақтаныш бола білді.

Мұқарам ағамыз бен нағима жеңгеміздің ізгілік жолдары қалайша ұмытылсын. Ұмытылмайды. Мүкеңнің ұстаздық еңбектері зерделі шәкірттерімен, ұрпақтарымен бірге жасай береді.

Сіздей ұлы ұстазбен, абзал ағамен дәмдес болғанымызды, тәлім-тәрбие алған шәкірт болғанымызды медет тұту ғана қалды. Сіздердің ұрпақтарыңыз бар, жалғастарыңыз бар. Көзден кетсеңіздер де, көңілден кетпейсіздер.

Жатқан жерлеріңіз жайлы, топырақтарыңыз мамық болсын!

Өзіңдей ұстаз қайда жеке-дара,
Өреңе жетесіздер жете ала ма?!
Кент пенен Қушоқыны аралаған,
Желі айтады Түйетастың Мұқарамға.

Шәкіртің шашыңнан көп соңыңдағы,
Менің де ұстазым ең жолымдағы.
Алмалы, Қызыл шоқы атыңды айтса,
Тулайды аққайрандар Нұрадағы.

Шапағын шашқан елге ұлы ұстазсыз.
Біз Сізге, жан ағатай, борыштармыз.
Мәуендей профессорды көкке өрлеткен,
Сіз, Мүке, бүгіндері тірі ұстазсыз!

Өнеге тұтады ғой Сізді бөрі,
Ел-жұртың жан-тәнімен сізге разы.
Күңдірентіп Түйетасты кеттіңіздер,
Тебіренеді Сіздерді айтса, жас пен көрі.

Алмалы жым-жырт боп түр Сіз кеткеннен,
Айрылдық жеңгеміздің күлкісінен.

Бейітке Сіздер жатқан мен қарасам,
Жел еспейді Түйетастың өркешінен.

Нұр жүзі өз Мүкемнің кетпей жүр ғой,
Тағылымы ұлы ұстаздың өшпейді ғой.
Түйетастың қайғысы - өз Мұқарам,
Даналық, парасаттың иесі ғой.

Майда үнді, жүзіңіз де көркем еді,
Бір емес, қосажал боп қатар келді.
Құрмаш пен Светаны көре қалсам,
Жүрегім сағыныштан өртенеді.

Сағынып құлақ түріп әр үніңе,
Мектепте көп сүйіндік жүзіңізге.
Бейнеңіз ұмытылмайды шуақ шашқан,
Мыңдаған кеншоқылық шәкіртіңнен!

Өсірді баптап Сізді Арғын елің,
Ұрпағы Жарбол батыр Табын едің.
Маңғазы ең Алшын менен Арғындардың,
Ешкімге бөтені жоқ, бөлек ерім.

Ағам мен жеңгем едің өз қосылған,
Өзіл сөз артылмаған Нағимадан.
Қалжындап отырушы еді сөзбен шалып,
Маңайы болушы еді-ау күлкі-думан.

Дұға жыр батып кетпей толғағына,
Қараймын шәкірттерің – орманыңа.
Көз сүртіп шәкірттерің қала берді,
Сүйсініп Сіздей ұстаз болғанына.

Үйретіп кеттіңіз ғой ғалам сырын,
Айтар ма дүниеде пенде шынын.
Шәкіртке ұғындырып көрсеттіңіз,
Белгілеп барар бағыт, алар шынын.

Адал туған ұл едің Рамазаннан,
Ел біледі, соны айтып мақтана алам.
Нағаңмен тәтті ұйықтасын мекенінде,
Жұмағын нәсіп етсін Хақ Тағалам!

ОРЫНЫ БӨЛЕК ТУЫСТАРЫМЫЗ ЕДІ...

Қаралы жиын, қайғылы қаза... Өң мен түстің арасындай сергелдең бір сезім. Бірер күн бұрын ғана жұптары жазылмай жарасып жүрген Мұкарам өкеміз бен Нағима анамыз енді ортамызда жоқ дегенге санамыз сенсе де, көңіл иланар емес. Тосыннан келген тағдырдың соққысы дүйім бір елдің, ағайын, аймақтың қабырғасын қайыстырып кетті. Қаралы жиында марқұмдардың тума-туыстары, ел ағалары, көзкөрген қадірлестері, бауыр, балалары кезекпен шығып, көңіл айтып, көкейдегісін білдіріп жатты. Көкірегіме бір ауыр өксік тығылып, мен де шығып сөйлегім келді. Сөз емес, қалың қаралы қауыммен сезімді бөліскім келді. Өз өке-шешем есіме түсті. Екі өлмек жоқ деуші еді. Бар ма дедім? ...Ата-анамның келмеске кеткенін дәл осы сәтте қайта сезіндім. «Өкең өтсе де, өкеңнің көзін көрген өтпесін» дейтін халық қағидасы біздің де көңілімізге қаншама жыл медет болыпты-ау, байқасам. Ауылға келген сайын Ләлем мен Нәнемді көргенде құдды өке-шешемізді көргендей көп-көрім жасап қалатын едік.

Ия, біздің үйдің ұл-қыздары ол кісілерді «Ләлем», «Нәнем» дейтінбіз. Ағалы-қарындасты Қабыкен өкем мен Нағима апамыздың туыстығы Құрмаш пен Райхан қосылғасын құдалыққа ұласты. Ләлем көңілденген кезінде «Мен баламмен бажамын» дейтін қалжындап. Бірі үлкен, бірі кішімін демес, екі құданың бір-біріне сен деп сөйлегенін естімеппіз. Сіз-біз десіп отыратын қашан да. Өзіл-қалжындары да өз алдына бір өлем еді. Дау туа қалса, Папам мен Нағима апамыз ағалы-қарындасты болып, бірігіп кететін. Екі үйдің арасында ата-әжелеріне алданыш болып, жиендеріміз жүретін шапқылап. Тұңғыштары

Гүлнүр екі-үш жасында-ау деймін, біздің үйге келе қалса, «Кеншоқыға кетем» деп жылайтын. Сөйтсек, ол үшін Кеншоқы біздің үй емес, Ләлемдердің үйі екен. Екі үйлі жан немеренің осындай бал мінезін қызықтап, мөз-мейрам болатын да жататын. Қазаны бөлек демесе, қызығы да, қайғысы да ортақ еді екі үйдің. Мереке, той-томалақтың бөрінде төрімізде жарасып отыратын. Әсіресе, Папам мен Ләлемнің арасындағы сыйластық, бір-біріне деген құрметтері ерекше еді. Сол сыйластықтың өнегесін өшіріп алмай, өз арамызда жалғастыру – біздердің перзенттік парызымыз болар.

Қаланың қым-қуыт тірлігіне қаншалықта бас ұрғанмен туған ауылымызды сағынамыз. Ауасы, самал желі, топырағы тартады да тұрады. Ауылды сағыну – ата-ананды сағыну екен, ата-ананың көзін көрген жандарды сағыну екен. Бөріне уақыт емші деп өзімізді өзіміз қаншалықты жұбатқанмен, «өткендерге» деген сағыныш өзектен өшпек емес.

Жоқ тумак, жас қартаймақ, туған өлмек,

Тағдыр жоқ бұл өмірге қайта келмек.

Біздерді де өмір есейтіп келеді. Зымыраған заман, өзгерген дүние... Дариясы сарқылған Нұраның жылғасындай – қариясы сиреген ауыл. Кедместің керуеніне ілесіп кетпей, жұртын күзетіп қалған жалғыз інгендей сол баяғы қарт Түйетас қана. Қаз-қалпында...

Жұматай ҚҰТЖАНОВ,
Соғыс және еңбек ардагері.
Шет ауданы

ТАҒЫМ **ХАЛҚЫ ҚАДІРЛЕГЕН АБЗАЛ АЗАМАТ**

Өткенді еске алсақ, кешегі аумалы-төкпелі қиын заманда елі мен туған халқы үшін аянбай еңбек етіп, артына өшпес із қалдырған азаматтарымыз көптеп саналады. Солардың бірі – Жексенбайұлы Рамазан дер едік. Әкесі Жексенбай Қарқаралы уезінің Берікқара болысында мектеп ашып, жастарға білім беріп, ұстаз болған. Рамазан да әкесінен сауат алып, мұғалімдік қызмет атқарған.

Ол кезде орысша оқып, жаза білетіндер жоқтың қасы болатын. Рекең орысша, қазақшаға жетік, сауатты адам еді. Совет өкіметі орнағаннан кейін Қарқаралы уезінде комсомол, партия, кеңес органдарында қызмет атқарды.

1924 жылы қызылорда қаласында өткен жастар одағының (комсомолдың) I съезіне Қарқаралы уезі бойынша делегат болған адам.

Шет өңірінен делегаттыққа барған Сыздықов Сәулебек ақсақал: «Мен делегаттыққа өтпей қалдым, орысша сауатым аз еді, сенің туысың Рамазан орысша-қазақшаға жүйрік сауатты адам. Делегаттыққа сол ұсынылды», - деп еске алатын.

1930 жылы Шет ауданына аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып, Шәріп Нұрмағанбетов деген азамат келді. Шет ауданының алғашқы құрылу кезеңінде көп еңбек еткен адам еді. Шәріп Қарқаралы уезінде Рамазанмен қызметтес болған. Сол себепті Рамазанды Шет ауданына шақырып, қызметке орналасуына ықпал жасайды.

1931 жылдың басында Жексенбайұлы Рамазан Шет аудандық атқару комитетінің жауапты хатшысы болып қызметке орналасты. Рекең Шет ауданының құрылу кезеңінде ауыр да қиын жұмыстарға төзе біліп, көп еңбек етті.

Өзімен бірге аудан өмірінде еңбек еткен Дөлмағанбетов Тұңғышбек, Ыбышев Жүніс, Ордабаев қасқатай-Есмақай, Өтенев Сыдан, Әубәкір Асылбек, т.б. ақсақалдар Рамазанның еңбекқорлығын, халқы үшін адал еңбек еткендігін ерекше бағалайтын. Отызыншы жылдардың басында қуғын-сүргінге ұшыраған көптеген азаматтарға қамқоршы болып, аман алып қалған.

Баданов Құдайберген, Баданов Ескендір, Игісін, Осатай, Әубәкір, т.б. көптеген ауыл ақсақалдары егер де рамазан араша түсіп, құтқармағанда сүйегіміздің қайда қалғанын білмеуші едік. Рамазан ұрпағына біз қарыздармыз дейтін. Қызыл империяның қолдан жасаған нәубеті салдарынан қаншама қазақ қырылғанын білесіздер.

Осы нәубеттен 1932 жылғы халықты аман алып қалуда Рамазан ерекше еңбек етті. Қалған аш-арықтарды аман алып қалу үшін азық-түлік көмегі (продпомощь) ұйымдастырылды. Бұл ұйымның төрағасы Рамазан болды.

Шет көлемінде аш-арықтарға малдай, астықтай аз да болса көмек жасалды. Осы істы атқаруда Рамазан ешқандай бұра-тартпаға бармай өділ қызмет атқарды. Көп адамдар ашаршылықтан аман қалды. Кейінде Рекеңе ризашылығын білдіріп, батасын бергендер көптеп саналады.

Мен Рамазанмен табын руынан шыққан аталас туыспын.

Менің ағаларым Сақып, Ақатай, рамазан өте сауатты, өткір, өз ісін адал атқаратын азамат еді деп ерекше еске алып отырушы еді.

1935 жылы рамазанды Ақтоғай аудандық атқару комитетінің жауапты хатшысы қызметіне ауыстырды.

Ақтоғай өңірінде қызметтес болған азаматтар Рамазанды ерекше құрмет тұтатындарын өз ауыздарынан талай естідім.

Осындай халқы үшін қиын кезеңде аянбай еңбек еткен абзал азаматтарымыз сталиндік қуғын-сүргіннің құрбаны болды. Ақтоғай ауданынан жазықсыздан 1937 жылы «Халық жауы» деп ұсталып, 1938 жылы атылған.

Туған інісі Жексенбайұлы разақты «Халық жауының» інісі» деп жазықсыздан соттап жіберген. 17 жыл дегенде елге оралып, кейінде қайтыс болды.

Сол кезде НКВД бастығы қандықол Қалабаев Ақтоғай ауданының қызметкерлерін тегістей ұстап, айдатып, соттатып, Шет ауданына НКВД бастығы болып ауысты. Шет ауданынан да бірнеше жүз адамды ұстауға деп тізім жасаған. Жазықсыз адамдардың қаны жібере ме, Қалабаевтің үстінен тексеріс келіп, ұстап өкетпекші болғанда өз қаруымен конторында өзін-өзі атып өлтірді. Оны көзімізбен көрдік. «Орнында бар оңалар» дегендей, Рамазаннан Мұқарам, Шөкен деген екі бала қалды. Қазір де олар да 70-тен асты. Екеуі де жоғары білімді. Кейінге дейін халық жауының балалары деген қырғи-қабақтан арылмай келді.

Мұқарамда 10 бала, Шөкенде 5 бала бар. Барлығы да үбірші-шүбірлі болды.

Тәуелсіз мемлекетіміздің әр саласында қызмет атқарды.

Тақауда Мұқарам мен Әбдірбайқызы Нағиманың отау тіккендеріне 50 жыл болған «Алтын тойы» болып өтті. Қатысқандар көп болды. Ризашылықтарын білдірді.

«Өлі риза болмай, тірі байымайды» дегендей, айтылған естелік ауданымыздың өркендеуіне үлес қосқан азаматымыз Рамазан ағамыздың рухына тие берсін, жатқан

жері жайлы, топырағы торқа, жаны жәннатта, тәні рахатта
болып, кейінгі ұрпақтары өсіп-өніп, өркендеп, ата
жолымен жүріп, атақ-даңқтары арта берсін деген тілек
айтамын.

Сәнеке САҒЫНДЫҚҰЛЫ

МҮКАРАМНЫҢ АЛТЫН ТОЙЫНА АРНАУ

Мүкарам, құтты болсын Алтын тойың
армандаған,

Атаң сенің дін жолында дана болған,
Әкең Рамазан ел-жұртына пана болған.

Солардың ұрпағы деп мақтанамыз,

Ата жолын парыз ғып орындаған.

Аталарға тартып туған ұрпақ болып,

Тілегің молайса екен қабыл болған.

Желісін ғасырларға жол үзбеген,

Тарих пен тағылымды егіз көрген.

Тектілікті үлгісіндей аналарың,

Балаларын дәретсіз емізбеген.

Нағимадай жан-жарың дін жолында,

Ұстанып ата салтын сіз-бізбенен.

Ұрпағың алтын тойды жалғастырып,

Жасай берсін сендер салған осы ізбененен.

Тілегіңді қасындағы елден берсін,

Басып тұрған жерден берсін.

Ағайының қолдай берсін,

Дос-жараның қорғай берсін.

Қайда барсаң алдында,

Жарқыраған жол болсын.

Армандарың алдыңнан

Саған шығып, қол берсін.

Дүшпаның саған құл болсын,

Ұрпағың өсіп жүз болсын.

Айтсақ, жұртым, шындығын,
Ашып көңіл түндігін.
Ақ түйенің қарыны
Ақтарылар күн бүгін.

Жарты ғасыр қосағымен қоса ағарып,
Бауырымыз қонды ұяға.
Осынша мол қуаныш
Бір кеудеге сыя ма!
Қызықтайық барынша,
Мұндай дәурен қолда тұра ма?

Жақсы ниет жата ма,
Жайып қолын батаға.
Балаларың да өсіп, ел-жұрт,
Шүкірлік ет енді, ата-ана.

Заман жаңа, той жаңа,
Адам жаңа, ой жаңа.
Ата салтын алайда,
Аттайды деп ойлама.
Алтын тойдың көркі деп,
Ақ некенің серті деп,
Бастап тұрған тойыңды,
Менікі де сол тілек.

Болсын ата-ана мәз,
Болсын бауыр, бала мәз.
Ал, ағайын, той осы,
Шаттығы мол, шарабы аз!..

Нағашың Хасен.

12. 08. 1992 жыл.

Кеншоқы совхозы, Ақтоғай ауданы.

ҚЫМБАТТЫ БАУЫРЫМ МҮКӨРӘМ

60 жасқа, міне, бүгін келдің ғой,
Жақсыны да, жаманды да көрдің ғой.
Өмір сүріп бізбен бірге қызықтап,
Отырмады ортамызда жездем менің Рамазан.

Белес-қырлар артыңда қанша қалды.
Пайғамбардың жасы да келіп қалды.
Тәрбиелеп мыңдаған жас ұрпақты,
Қырық жыл сен білмедің шаршағанды.

Абыройың көп жылдар аттай желді,
Еңбегінді ел-жұртың мақтайды енді.
Уақыт өзі ұсынып төрін саған,
Бүгін, міне, бөйгеңді шаппай берді.

Жасындасың сен дағы кемел ердің,
Төккен тердің жемісін тере бергін.
Шаңырақта шалқып күй Нағима мен,
Қызығына тойма, сен, немереңнің.

Үшқан ұяң - көрікті Қарқаралы,
Тең келетін арқада жер шамалы.
Әнін шырқап Мәдидің «Қаракесек»,
Келеді сонда ғана жердің сөні.

Құттықтаймын - қызық той мен мерекең,
Арта берсін, таси берсін берекең.

Дос қуанып, дұшпандарың сүйсінсін,
Десе десін, Мүкөрәм біздің ер екен.

Құтты болсын бауырым туған күнің,
Жас жігіттей өлі де бар ғой күшің.
Алда талай сын менен топқа түсіп,
Токсанға да бой бермей тарт, бауырым.

Тілеуберді құдаңыз.
Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы.

МҮКАРАМ ҚҰДАҒА!

Келіпті құдағи да қуанышқа,
Қарамастан нарыққа тым алысқа.
Білімділер жасайды білгендігін,
Бөленіңіз құдағи, мың алғысқа.

Құрметті құдам Мұқарам,
Санаймын сізді есті адам.
Құдай қосқан құда деп,
Кезінде қазақ атаған.

Бір-бірін қымай құдалар,
Мың жылға байлам жасаған.
Сақтайық біз елімнің,
Ата-салтын әрқашан.

Сау болсам сізбен сөйлесіп,
Айтар ем ойды қаттаған.
Өніп-өскен жандар деп,
Сыртыңнан айтып мақтанам.

Тірі отырып бүгінде
Ағайын-жұртқа жат болам.
Төлкегінде тағдырдың,
Бүгіндері қақталам.
Сөзімді созып қайтейін,
Осыменен тоқталам...

Сағынышты жүрекпен:
кенже, ерке қыздарың Айгүл

ӨТКЕН КҮНДЕ БЕЛГІ БАР...

«Адам дегеніміз – кешегісін сағынатын, ертеңгісін армандайтын, ал бүгінгісіне көңілі толмайтын жұмыр басты пенде» деген екен қаламы ұшқыр журналист, сатирик, марқұм Мартбек Тоқмырза.

Иә, шынымен де біз күнделікті тіршілікте болып жатқан небір қызықты жайттарға немқұрайлы қарап, керемет сәттерді кеше жүріп, өміріміздегі қайталанбас, нағыз бақытты шақтарды өткізіп алатынымыз өкінішті. Амал нешік, мен де бүгін өзегім өртеніп отырып талай бақытты шақтар сыйлаған, мені осы жарық дүниеге әкеліп, аялап, мәпелеп өсірген, оқытып, өмірге қанат қақтырған асыл жандар – Анам мен Әкем туралы сыр шертпекпін. Кім ойлаған, еліктің лағындай ойнақтап, еркелеп жүріп, бір-ақ күнде, қас-қағымда ең қымбат жандарым – ата-анамнан айрылып, аңырап қаламын деп? «Жазмыштан озмыш жоқ» деген осы-дағы. «Тірі адам тірлігін жасайды» деген де рас екен. Кешегі күні әке-шешемнің қазасын естігенде енді қайтіп тұра алмайтындай күн кешкенім де рас. Жүрегім қан жылап, өмірден түңілгенім де рас. Аллаға күпіршілік қылғаным да рас. Бірақ, күдіреті күшті Алла тағала о дүниедегі әке-шешеме менің қаралы күйім мен жаралы жүрегімдегі сырымды жеткізген сынды. Бұл жалғаннан қатты баз кешкен күндерімнің бірінде өңімдегідей түсіме кіріп: «сен өмір сүруге тиіссің!» деп бұйырып, ерекше жігермен айтылған бір-ақ ауыз сөздерімен мені өмірге қайта әкелді. Осындай сәтте қолтығымнан демеген, аяғымнан тік тұруға көмектескен жанашыр туыстарым мен адал достарымның, қамқоршы жандардың қасымнан табылғанына да бір Аллаға шүкіршілік айтамын.

Лұқпан хакімнен: «Өмірде байлық қымбат па, жоқ даңқ қымбат па?» деп сұраған екен. Сонда ол: «Байлық та, даңқ та адам баласын бақытты ете алмайды. Біле білсеңдер, ауру ханнан дені сау қайыршы бақытты. Ал бақыт дегеніміз не? Әрбір адам өзінің күш-жігерін халқына, еліне, ұрпақ тәрбиесіне жұмсап, ақылды, парасатты және денсаулығы зор болса ғана бақытты» деген екен.

Отау тігіп, шаңырақ көтерген күннен бастап, бірге жүріп, бірге тұрып үйренген ата-анамыздың отбасылық ғұмыры – көпшілікке өнеге болды. Дәулеті тасқан бай, атағы жер жарған даңқты болмаса да, азды-көпті көрген ғұмырларында халқына, еліне қызмет етіп, сан ұрпаққа тәрбие беріп, сәнді де мәнді өмір сүре білгенін мақтана айтамын. «Таулар алыстаған сайын биіктей түседі» деген де рас екен. Кешегі күні әрбір бас қосқан сәттерімізде айтқан сөздерін бүгінгі күні еске түсіріп, санамызда сайратып жатырмыз: мен 11-сыныпқа аяқ басқанымда, бойжеткен жасына жеткен кезде бір күні өкем маған Ә.Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдар» кітабын ұстатып тұрып:

- Мына кітапты оқы, әсіресе, соңғы беттеріндегі «Қыздарға кеңес» бөлімін түсініп оқы», - деді. Мен аң-таң болып:

- Сол кеңесті өзіңіз-ақ айта салмайсыз ба? - дедім. Сонда өкем:

- Жоқ, қызым! Біріншіден, өзің көңілге тоқып оқыған нәрсені ешқашан да ұмытпайсың. Екіншіден, осы кеңесті бұлжытпай орындасаң, өмірде кенде болмайсың, - деді.

Шынымен де, өмір ұстазы – кітапты оқи отырып, ерекше бір күй кешіп, керемет әсер алдым. «Адамның өз шеңбері болады: сол шеңберден шығып кетпеуі керек» деген сөздер менің өмірде дұрыс жолмен жүруіме бағыт-бағдар берген сынды. Осындай өке-шешемнің тәрбиесін ала жүріп, мектеп бітіріп, ауылдан алғаш ұзап шығып, оқуға түсіп, диплом алып, жұмысқа тұрып, еңбек жолын бастағанда айтқан мына сөзі

де әлі есімде: «Жауапкершілікті ұмытпа, ешқашан қызмет атқарудан жалығушы болма, өтірік айтпа».

Қыз бала әкесіне жақын болады деген сөзді бала күнімде жиі естуші едім. Сол, рас екен. Неге екенін білмеймін, енді бүгін қарап отырсам, мен де әкеме жақын болып, тәрбие мектебін сол ардақты жаннан тауысқан екенмін. Өйткені менің әкем тумысынан бөлек жан еді: ешкімге ұрысып, зекімейтін, адамды тыңдай да, орнымен сөйлей де білетін. Біреудің кемшілігін бетіне басып, намысына тимейтін, айтар ойын астарлап жеткізетін. Қандай ортада болмасын, өзін еркін, мәдениетті ұстайтын. Ақылы мен парасатын сөзімен де, ісімен де көрсете білетін. Жиын-тойларда көңіл көтеріп, өзіл жарастыра да білетін. Туғанның, достардың, асыл жарының, байлығы – балаларының да бабын, көңілдерін таба білетін.


Аяулы жарың аялап, қас-қабағына кірбің түсірмей, тірліктегі қиындықты тең көтеріп, қайда барса да, қасынан тастамай жүретіні – бәрімізге үлгі екен. Ал, балаларын еркелете жүріп, есейте де білді: үлкен тұрып, кішінің кеуделемеуін, туғандардың бір-біріне қамқор болуын, ынтымақ-бірлікте болуын, елге адал еңбек ету сынды қасиеттерді жасымыздан бойымызға сіңірді. Әкеміздің осындай адами асыл қасиеті арқасында бүгінгі күні өмірді жалғап келеміз.

Ал, Құдайдан кейінгі күдірет – Анамыздан да алған тәлім-тәрбиеміз аз емес: мейірімділік, қонақжайлылық, сабырлық, шыдамдылық, еңбекқорлық, кішіпейілділік, кешірімділік.

Әке-шешеміздің қазасы біздерге көп нәрсені ұғындырып кетті: ешкім де, еш нәрсе де мәңгілік емес екендігін, қамшының сабындай қысқа ғұмырда ең қымбат жандардың қадірін білу, өмірдің мәнін уақытында түсіне білу.

«Өлең деген тумады жайшылықта, өлең деген туады қайшылықта» деп Мұқағали ақын айтпақшы, түн баласы ұйықтамай, жастығым жасқа шыланып, әке-шешемнің жүзін, бір ауыз сөзін естуге зар болып, сағынышым сартап болғанда:

Сағиндым, ана, өзінді,
Сағиндым, әке, сөзінді.
Құшақтап, сүйіп сіздерді
Түсімде басам мауқымды,- деген алғашқы жолдар жүрегімді
жарып шығып, былайша жалғасын тапты:
Сағиндым мен сағыныштан құлазып,
Жабырқаған көңілім бос, түр азып.
Әке, Ана, өздеріңе арнап мен
Қалам алдым жүрегімнен жыр жазып.
Әкелдіңдер өмірге, бақтыңдар да, қақтыңдар,
Маңдайыма бақыт деген ай-жұлдызды тақтыңдар.
Өкінішті, алдарыңда борышымды өтетпей
Енді, міне, жер бетінде төмпешік боп жатсыңдар.
Кеттіңдер ғой бұл өмірмен қоштасып,
Мәңгілікке қос аққудай жұптасып.
Қимағанмен өздеріңді қайтейін,
Кете алмаймын жазған күннен мен асып.
Үшырдыңдар қыздарыңды қарлығаш қып қияға,
Қондырдыңдар ұлдарыңды сұңқар қылып ұяға.
Өнегелі сөздеріңді санасыңда жаңғыртып
Еске алады шын жүректен ұрпақтарың мұңая.
Бірде жылап, бірде құлап біздер өмір кешкенбіз,
Қайтып келер дегендейін үмітпенен күткенбіз.
Бір жыл өтті, келместерін, жетті біздің көзіміз
Дұға оқып, иман байлық өздеріңе тілейміз.



Әкесі не шешесі	Ұл	Қыз	Ұлдың зайыбы не қыздың жұбайы	Ұлдың зайыбының қыздың жұбайының руы
Мүкәрамнан	Құрмаш, Қияш, Талғат, Рахат, Саят, Нұрболат, Жанболат	Света, Майгүл, Айгүл	Нағима Әбдірбайқызы	Сарым - Кенжебай
Құрмаштан	Ернұр, Ерболат	Гүлнұр, Айнұр	Райхан Қабыкенқызы	Кенжебай
Қияштан	Нұрбек	Рауан	Гүлшат Қасымбекқызы	Құлық
Талғаттан		Қарлығаш, Айгерім	Гүлжан Құрманбекқызы	Найман
Рахаттан	Азамат, Сұнғат			
Саяттан	Ернар	Назерке	Айгүл Исанқызы	Жалайыр
Нұрболаттан	Айбек, Қазбек	Гаухар	Нелла Жұмаханқызы	Жалайыр
Светадан	Айдарбек, Нұрсұлтан	Гүлдана	Елубай Төлеубайұлы	Қожа
Майгүлден	Исламбек	Әнел, Мадина, Жөнел	Асылбек Шадыұлы	Тама
Айгүл			Медет Маратұлы	Шаншар
Немерелері:				
Гүлнұрдан		Айша, Медина	Ғалымжан Сөбікенұлы	Өлтеке
Қарлығаштан		Найла	Данияр Мұратұлы	Арғын
Шәкениен	Нұрлан, Ерлан, Ержан	Сәуле, Айжан, Гүлжан	Сақыпжамал Сөлменқызы	Байбөрі
Ерланнан	Уалихан	Ажар, Ардақ	Роза Төнірбергенқызы	Табын
Ержаннан	Әділхан, Абылайхан	Айгерім	Гүлжан Амангелдіқызы	Көрсөн
Сәуледен	Айдын, Темірлан		Нүркен Түсіпұлы	Қояншығанай
Айжаннан	Талғат, Бекзат		Қайрат Аманжолұлы	Шуаш
Гүлжаннан	Ақжол		Есберген Серікбекұлы	Керней

МАЗМҰНЫ

Нұрлан ДУЛАТБЕКОВ. Алғы сөз ретінде	3
Құрмаш ЖЕКСЕНБАЕВ. Біздің әулеттің бастан өткерген тарихы	4
Жұматай ҚҰТЖАНОВ. Өріс-қонысы кең әулет	25
Сәнеке САҒЫНДЫҚҰЛЫ. Көзкөргенім... ..	30
Қасымбек МЕДИЕВ. Елдің сөзін сөйлеген, қамын ойлаған жандар еді... ..	40
Кәмел ЖҮНІСТЕГІ. Сыйластарым, қимастарым... ..	45
Мәуен ХАМЗИН. Жаны жомарт, мінезі жайсаң жан еді... немесе Мұқарам мұғалім жайлы шағын естелік.....	50
Қайыргелді МУСИН. Қимас жандар еді... ..	60
Төлен БАЛЫҚОВ. Мен ол кісіні мина деуші ем... ..	64
Құдасы Қажы Шады Есбол әулетінен. Елінің теңдесі жоқ асыл азаматы еді... ..	66
Тұрсын ОРДАБАЕВ. Жаны жомарт азаматтар.....	69
Айдос БЕКТЕМІР. Пейіште нұрың шалқысын	72
Жолдыбек КҮЛЕЙМЕНОВ. Жақсыдан қалған ұрпақ.....	74
Қуаныштай СЕЙІЛБЕКОВ. Өмір жолдары өнегелі жандар еді... ..	77
Сақыпжамал СӘЛМЕНҚЫЗЫ. Жадымыздан жоғал-майды	79
Амангелді Еркебайұлы КЕЙКИН. Еске алу	82
Қуаныш СЕЙТЖАНОВ. Орыны бөлек туыстарымыз еді.....	86
Жұматай ҚҰТЖАНОВ. Тағзым. Халқы қадірлеген абзал азамат	88
Сәнееке САҒЫНДЫҚҰЛЫ. Мұқарамның алтын тойына арнау	92
Хасен Нағашы. Қымбатты бауырым Мүкәрәм	94
Құдасы Тілеуберді. Мұқарам құдаға!	96
Айгүл МҰҚАРАМҚЫЗЫ. Өткен күнде белгі бар	97

Құрман ЖЕКСЕНБАЕВ

ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР

Бас редакторы **Нұржігітова М. М.**
Редактор **Қонысбаева Ж.М.**
Техникалық редакторы **Борамбаева М.Н.**

Басуға 01.06.2012 қол қойылды. Пішімі 60x84/16. Көлемі 6,4 б.т.
Таралымы 200 дана. Әріп түрі «Palatino Linotype»
Офсеттік қағаз. Ризографиялық басылыс.
«Болашақ-Баспа» редакциялық-баспа
бөлімінде басылып шығарылды
Қарағанды қ., Ерубәев көш., 16

